

Жұмашев Оразбек Мақсұтұлы

ҚАЗАҒЫМ МЕНІҢ — КӨКТҮРІК

Өлеңдер жинағы

Қарағанды
2018

Жұмашев Оразбек Мақсұтұлы

Қазағым менің — Көктүрік: өлеңдер жинағы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. — 116 б.

«Қазағым менің — Көктүрік» атты өлеңдер жинағы тәлім-тәрбиелік тағылымы мол дүние. Ақын Оразбек Мақсұтұлы — Хакім Абайдың, Доскей Әлімбаевтың, М. Шахановтың, М. Мақатаевтың, Жұмашев Тұрсынның, Т. Молдағалиевтің ізін жалғастырушы. Ол — «басында бағы, астында тағы бар», Поэзия патшалығына өзіндік жаңа леп әкелуші өнер иесі.

Поэзияны, әдебиетті, асыл мұраларымызды ерекше құрметтейтін қалың оқырмандарға арналған.

© Жұмашев Оразбек Мақсұтұлы, 2018



Жұмашев Оразбек Мақсұтұлы – Доскейтанушы, ақын-журналист. Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданы, «Арқалық» кеңшарында 30 мамыр күні 1968 жылы көп балалы жанұяда дүниеге келген.

1985 жылы Бұқар жырау ауданы, Доскей ауылындағы – Елтай атындағы орта білім беру мектебін тәмәмдаған.

Кеңестер Одағы кезінде: 1986-1988 жылдары Ресей мемлекетінің, Забайкалье округінің, Чита қаласында Әскери Жоғарғы Қарулы Күшінің Бас Штабында «радист» болып әскери борышын атқарды.

1990 жылы Қарағанды қаласындағы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетіне оқуға түсіп, аталмыш жоғарғы оқу орнын 1995 жылы бітіріп шыққан. Осы университетте оқып жүргенде, «Балауса» әдеби бірлестігі» төрағасының орынбасары және белсенді мүшесі боп әртүрлі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты.

1992-1993 жылдары облыстық «Замандас» жастар және медицина университетінің «Шипагер» газетінде арнаулы тілші. Бірге журналистік, тілшілік қызмет атқарғандар: филология ғылымының докторы, профессор – Қойлыбай Асанұлы, Сағымбай Ботпайұлы, Әлімжан Құтжанұлы, «Замандас» газетінің Бас редакторы –Әшімхан Жампейісов т.б.

1994-1997 жылдары Облыстық Ішкі Істер Басқармасының «баспасөз тобында» нұсқаушы, ішкі қызметтің аға лейтенанты.

1997 жылдан бері – Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

1997-1998 жылдары – Облыстық Салық комитетінің «Ревизия» бөлімінде аудармашы. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің штаттан тыс тілшісі.

1995-2008 жылдары әртүрлі қызметтер атқарды. 2009жылдан бері – «Қарағанды облысының балаларға арналған психоневрологиялық-медициналық әлеуметтік мекемесі» КММ-Емдік дене-тәрбиесінің нұсқаушысы.

2012-2014 жылдары Қарағанды қаласындағы «Болашақ» университетінің«Қазақ тілі мен әдебиеті» магистратурасында білімін жалғастырған. Ғылыми тақырыбы: «Доскей Әлімбаев – халық ақыны». Доскейтанушы.

Бұқаржырау ауданында ұйымдастырылған мәдени-әдеби іс-шараларға жиі қатысады.

2010 ж. – «Үздік мақала» байқауының иегері.

2015 ж. –Доскей Әлімбаевтың «Балалық шағы» туралы әңгімесі проза жанрынан 2-орын иеленген.

Республикалық және облыстық басылымдарда:100 шақты мақаласы жарияланған.Доскей Әлімбаевтың «Балалық шағы» және тағы да басқа әңгіме-повестердің,сонымен қатар бірнеше лирикалық әндердің авторы.

Дауылпаз ақын – Қасым Аманжоловтың «100 жылдық мерейтойына» орай ұйымдастырылған «Жыр-мүшәйрасына»қатысушы.

Оразбек Мақсұтұлы өнегелі отбасының ұйытқысы. Балаларына тәлім-тәрбие беруші әке. Жары – Жанар аспазшы.

Кітап оқу,мақала,өлең,әңгіме жазу,шығармашылық өнермен айналысу өмірлік ұстанымы.Қытайдың «Шаолин» мектебінің жаттығу түрлерін насихаттаушы.Төл тарихты, әдебиетті,философияны,табиғат және космос заңдылықтарын зерделеу оның сүйікті ісі.

АЛҒЫСӨЗ

ПОЭЗИЯ – АЛАТАУДАЙ БИІК МАҒАН...

Қазақ ежелден ақын халық. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...» - деп Ұлы Абай айтпақшы қазақтың қарап жүргені қара өлеңнің ауылын кезіп, халық көңілінен шыққан.

Ақын қай заманда, қай қоғамда өмір сүрмесін, ел мүддесін, халық қамын жырлаған. Осы қатарда Д.Стамбеков, С.Ақсұңқарұлы, А.Бөкенов бастаған Қарағандылық ақындар тобы да бар. Қарағандылық ақындар демекші арғы жағы Қаз дауысты Қазыбек би, Жанак Сағындықұлы, бергі жағы Кәрім Сауғабаев пен Тұрсын Жұмаштар шыққан киелі топырақ қашан да талантты тұлғаларға кенде болмаған.

Бүгінгі тұсауы кесіліп отырған жыр жинағының авторы – Оразбек Жұмашев та осы киелі топырақтың суын ішіп, топырағынан нәр алған, күн нұрына шомылған. Сол себепті оның өлеңдерінде еліктеушілік болғанымен, айтар ойы да аз емес. Қашанда адамзатты толғандыратын өмірлік немесе ғаламдық проблемалар ақын тілімен жырға айналып, гуманистік идеямен суарылып, көпшілік қауымның жүрегінен жол тауып жатады.

Күні кеше ғана Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты бағдарламалық мақаласы жарияланғандығы белгілі. Бұдан туындайтын қазақ елінің рухани жаңғыру жолы мақалада нақты сараланып көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде, жинақ авторы беташар өлеңін «Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлына арналады» деп бастауы да тегін болмаса керек. Елдің жаңғыруы – Елбасы саясатының арқасында жүзеге асып отырғандығы өлеңнің идеялық мазмұнынан айқын аңғарылады.

Ақындық жаратылыс – ең алдымен туған жер, Отан, ел тарихын жырлауымен құнды. Ақын бауырымыз бұл мәселеге де жайбырақат қарай алмайды. Ең алдымен атап айтатын бір мәселе – Доскей ақынның шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу арқылы өзінің де шығармашылық кредосын айқындап, қаламын ұштай түсті. «Доскей сері» өлеңі осындай ізденіс нәтижесі деп білемін.

Ақынның ұлы бабасы Мәдиге, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровке, белгілі қаламгер Сайын Мұратбековке арнаған өлеңдерінде де тарихи тұлғаларға деген халықтың зор құрметі мен ризашылық сезімдері жатыр.

Ақындық қуаттың тағы бір жарқырап көрінетін тұсы – сыршыл, лирикалық өлеңдер арқылы беріледі. Біз оқып отырған жинақтығы «Таңғажайып арулар!», «Сұлу қыздар қандайсың?», «Махаббат – сұлу қыз!» т.б. тақырыптағы махаббат лирикасына арналған өлеңдерінде мәңгілік өмірге құштар жандардың ішкі сезімдері, лирикалық тебіреністері шынайы жеткізілген.

Жалпы алғанда, жинақтағы өлеңдердің барлығын «төрт аяғын тең басқан» жыр жауһары деп айта алмаймыз. Дегенмен, белгілі бір ортада халықтың рухани қажетін өтейтін, олардың көңілінен шығатын жырлар екендігіне де шәк келтірмейміз. Халық қалауы, халық таңдауы поэзияны өз биігіне көтереді.

Ақын әрі көсемсөзші Оразбек Жұмашевтің орнын да халық белгілейді. Ақын бауырымызды жаңа жыр жинағының жарық көруімен құттықтай отырып, шығармашылық табыс, ақындық шабыт тілейміз.

*«Болашақ» академиясы қазақ тілі мен
әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к.
Жандос Шекен*

І БӨЛІМ

ОТАНЫМ – БАҚЫТ ОРДАСЫН, ӨЛЕҢІМ ПІР БОП ҚОРҒАСЫН.

Астана шаһарына – 20 жыл...

1986 тарихта қалған жыл еді,
Колбин келіп билікке,
Қырғидай тиді халқыма,
Ұлтшыл,-деп барша жұртымды,
Жала жапты қазаққа.
Шыдай алмай қорлыққа,
Жастар шықты алаңға,
Тәуелсіздік үшін күресті,
Қазақтың батыр ұл-қызы...
Жеті қат көктен нұр жауды,
Бір Алла қолдап қазақты.
Көк туымыз желбіреп,
Намысы ердің оянды.
Егеменді ел болып,
Барша қазақ қуанды.
Әбіштің ұлы – Нұрсұлтан,
Ел-жұртына хан болды.
Темір жол,көпір салғызып,
«Жібек» жолын жаңғыртты.
Төл теңгені шығарып,
«Экспо»қала салғызды.
Тәуелсіздік таңы атты,
Алты Алаш,қазақ жеріне.
Бақыт құсы қонды ғой,
Ұлтшыл қазақ еріме.
Назарбаев Нұрсұлтан,
Нұрлы жолға бастады.

«Нұр-Отан» боп партия,
Ел бірлігін ойлады.
Нұрсұлтандай Елбасы,
Мың жылда бір туады.
Осындай патша болса,-деп,
Көп елдер арман қылады.
Қиындыққа қарамай,
Салғызды сұлу Астана,
Астанаға – 20 жыл,
Бақ құсы болған – Бас қала,
Қазақтың қамын ойлаған,
Нұрсұлтан дана,Ер аға!!!

Доскей сері

Арғы тегің – Мейрам сопы, Сармантайдан,
Сармантайлап батырлар жауға шапқан.
Сармантайдың бақ қонған бір ұлысың,
Сұлулардың көз құрты боп сайрандаған.

Атандың Доскей сері жігіт шақтан,
Ақындық – Құдай берген әуел бастан.
Ақындық пен сал-серілік арқасында,
Бұл өмірдің қызығын көрдің жастан.

Атандың Доскей ақын бала жастан,
Сарыарқада ақын бар ма сенен асқан.
Шындәулеттің аруағы қолдағанда,
Дауысың көкке жетіп,қырдан асқан.

Өмір деген ағып жатқан су емес пе?
Өнер деген Тәңір берген бақ емес пе?
Алтын тұлпар, домбырамен келіп тұрған,
Біржан салдың шәкірті сіз емес пе?

Шындәулеттің ұрпағы Доскей едің,
Жастайыңнан өнер қуған ақын едің.
Құдай берген өнер-білім арқасында,
Үш жүзге мәлім болған Доскей едің.

Жастық шақта ағын судай тасынасын,
Сұлуларды қамыс шөптей жапырасың.
Қас дұшпанға бас имеген алтын басың,
Тек халқыңа,қазағыңа бас ұрасың!!!

Доскейлік дана қарттарым...

Доскейлік дана қарттарым,
Армысың,аман-саумысың,
Доскеймен шықты-ау аттарың,
Бауырмал Сармантайларым!

Қарттарым, менің қазынам,
Алтыннан артық бақтарың.
Қарттарым менің – ұстазым,
Тәрбие берген достарым.

Ауылдың көркі – қыз болса,
Ауылдың сәні – қарттарым,
Үйленген талай жастарға,
«Ақ бата» берген қарттарым.

Ауылда бір шал көрсем,
Қазынам жүр,-деп қуанам,
Ассалаумағалейкүм,-деп,
Сәлем беріп,шаттанам.

Жастықтың көріп қызығын,
Махаббат дәмін таттыңдар,

Табиғат салған жолменен,
Асудан-асу астыңдар.

Мереке бүгін мереке,
«Қарттар күні»жасасын!
Ақыл айтшы тағы да,
Доскейлік –абыз қарттарым!

Намысты шақыр

Көңілді көтер көңіл-күй болмай тұрса да,
Байлығы көптің дәурені жүріп тұрса да.
Көңілді жүрші, ширығып сөйле әрдайым,
Көңілін болмай, жігерін құм боп жатса да.

Патша, - деп ойла,баймын, - деп ойла өзінді,
Бақытты жанның бейнесін сомда өмірде.
Сол кезде сен де бақытты жанның бірісің,
Бақытты жан, - деп ойлайды елдің бәрі де.

Көңілді көтер,еңсеңді төмен түсірме,
Намысты оят, жігерді қайра ерінбе!
Өмірге адам бірақ рет келеді,
Өзінді хан, - деп ойлашы әркез өмірде.

Талапты шақыр білімге күшің жетпесе,
Қайратты шақыр,дұшпандар таптап езсе де.
Намысты шақыр, намысты шақыр көмекке,
Намысың сені қорғайды әркез өмірде.

Көңілді көтер, еңсеңді басып езсе де,
Көңілді көтер еңбегін жанбай жүрсе де.
Көңілді көтер, рухынды көтер бауырым,
Жаман, - деп сені сыртынан сөз ғып күлсе де.

Көңілді көтер табалап сені тұрса да,
Көңілді көтер қызғанып қақпан құрса да.
Өмірде – талпын, өмірде – күрес әрдайым,
Құреспен ғана жетерсің мақсат-арманға.

Көңілді көтер, аспаннан тастар жауса да,
Жауларың қоршап, қорқытып сені тұрса да.
Қынаптан суырып алсайшы жігіт қылышты,
Миллион әскер лап беріп саған тұрса да.

13.12.2017 ж.

Қазақты мақтан қыламын

Әр қазақ менің бауырым,
Әр қазақ менің батырым.
Бір қаннан қазақ жаралған,
Текті ғой менің қазағым.

Әр қазақ менің бақытым,
Әр қазақ менің серігім.
«Тайқазан» елге оралды,
Құт келді тойла қазағым!

Әр қазақ менің қорғаным,
Әр қазақ менің байлығым.
Ынтымақ керек қазаққа,
Қазағым менің тағдырым.

Әр қазақ менің тірегім,
Әр қазақ менің жүрегім.
Қазақты көрсем адасқан,
Түзу жол нұсқап тұрамын.

Әр қазақ менің шаттығым,
Әр қазақ менің намысым.
Бір қазақ маған шер айтса,
Сырына ортақ боламын.

Әр қазақ менің туысым,
Бар қазақ інжу-маржаным.
Бір қазақ жетсе жеңіске,
Уралап атып тұрамын.

Қазағым менің Тұраным,
Әр қазақ менің жыр-әнім.
Бір қазақ жетсе бақытқа,
Бақытты бол, - деп тұрамын.

Әр қазақ менің Көк туым,
Әр қазақ менің қыраным.
Мың өліп, мың тірілген,
Қазақты мақтан қыламын...

16.12.2017 ж.

Не деймін, халқым, не деймін

Не деймін, халқым, не деймін,
Өмірдің мәнін біл деймін.
Тәуелсіз елге айналдық,
Қадірін оның біл деймін.

Не деймін, жұртым, не деймін,
Жақсылық жасап жүр деймін.
Өмірдің өзі күрделі,
Көш бастап қазақ жүр деймін.

Не деймін, қазақ, не деймін,
Сапалы ғұмыр сүр деймін.
Намысты болсаң өмірде,
Бақыттың кілті сол деймін.

Не деймін, елім, не деймін,
Жігерлі қазақ бол деймін.
Сыйлашы қазақ елінді,
Кәсіпкер қазақ бол деймін.

Не деймін, халқым, не деймін,
Қытайға сенбе жау деймін.
Надандық дұшпан өмірде,
Білімнің жолын қу деймін...

16.10.2017 ж.

Қарыздармын ана тіліме!

Қарыздармын өмірге, адамдарға,
Қарыздармын мені туған ата-анама.
Анамның ақ сүтіне қарыздармын,
Қарыздармын тықылдаған сағаттарға.

Қарыздармын алтын күн,көк аспанға,
Қарыздармын арайлы ақ таңдарға.
Қарыздармын жұтқан ауа, ішкен суға,
Қарыздармын қасиетті жер-анаға.

Қарыздармын жақсы менен жаманға да,
Қызғаныштан дұшпан болған адамдарға.
Қарыздар боп келемін, қарыздар боп,
Қарызға ақша алған адамдарға.

Қарыздармын түнгі ай, жұлдыздарға,
Қарыздармын Он сегіз мың Ғаламға да.
Қарыздар боп келемін қарыздар боп,
Мағынасыз өткен тәулік, жылдарыма.

Қарыздармын сөз айтпаған қыздарға да,
Қарыздармын білім берген ұстаздарға.
Қарыздар боп келемін қарыздар боп,
Жақсылық жасай білген адамдарға.

Қарыздармын көктем мен жаз айына,
Қарыздармын күз бенен қыс айына.
Қарызымды өтей алмай мен келемін,
Жақсылық жасай алмай адамдарға.

Қарыздармын өмірге, адамдарға,
Қарыздармын қазақ деген ел-жұртыма.
Қарыздармын ана тілім, туған жерге,
Қарыздармын тау мен тас өзендерге.

Қарыздармын табиғат, аң-құстарға,
Қарыздармын аққу құс, балықтарға.
Бұл өмірден өз орнымды таппай келем,
Қарыздар боп жүргесін жер-жаһанға!!!

Қадірле қазақ халқыңды

Қадірле алтын басыңды,
Басыңа қоңған бақ құсты.
Өмірде бәрін бағала,
Денсаулық, жастық шағыңды.

Қадірле алтын уақытты,
Жастықтың қызық жылдарын.

Уақытқа бәрі бағынар,
Сыйлашы Алла құлдарын.

Құрметте ата-ананды,
Өмірге сені әкелген.
Ағайын-туыс қымбат ғой,
Бауырым, - деп тойда бір жүрген.

Қадірле қазақ халқыңды,
Ақын, - деп әркез сыйлаған.
Ризамын дұшпан, досқа да,
Қызғанып өрттей лаулаған.

Қадірле қолда барыңды,
Жанұя, туыс,бауырды.
Жанұя – шағын мемлекет,
Ақылмен басқар халқыңды.

24.11. 2017 ж.

Ақ қағаз алып, қаламсап алып...

Ақ қағаз алып, қаламсап алып,
Түсірем ойды паракқа.
Өмірім – күрес, өмірім – тірес,
Ойларым жүр ғой жырақта.

Тәубама келіп, қаламсап алып,
Жазамын әркез өлеңді .
Өлеңім – патша, өлеңім – сұлтан,
Алладан алам қуатты.

Қаламсап менің, қазынам менің,
Қаламсап менің бақытым.

Бір Алла маған қаламсап сыйла,
Қаламсап менің серігім.

Ақ қағаз алып, қаламсап алып,
Жазамын өлең, шумақты.
Қаламсап маған шабытты шақыр,
Еске алып жастық шағымды.

Ақ қағаз алып, қаламсап алып,
Жырлаймын ана тілімді.
Қазағым менің – баһадүр халық.
Жырлаймын қазақ елімді.

Ақ қағаз алып, қаламсап алып,
Жырлаймын ғашық сезімді.
Бір Құдай маған ақындық беріп,
Жырлай бер, - деді өмірді...

Поэзия – Алатаудай биік маған

Поэзия – көк мұхиттай терең маған,
Поэзиядан – іздегеннің бәрін табам.
Поэзия – сұлулықтың символы ғой,
Көк аспанда алтын күндей жарқыраған.

Поэзиядан – қуат алып шабыттанам,
Поэзиядан – жігер алып қайраттанам.
Поэзиядан – өмірлік бақыт тауып,
Поэзиядан – рухани азық алам.

Поэзиядан – күш алып бұлқынамын,
Поэзиядан – ерге керек намыс алам.
Поэзияның – құдыретінде шек бола ма
Поэзия – сүйген жардай ыстық маған.

Поэзия – Алатаудай биік маған,
Поэзия – Сарыарқадай алып маған.
Поэзияға – барша ғалам сыйып кеткен,
Поэзия – сырымды айтар досым маған.

Поэзия – жұмбағы көп Әлем маған,
Поэзия – ақша қар ғой қыста жауған.
Поэзия – аспандағы күн мен ай ғой,
Көп жұлдызды маңайына жинап алған.

Поэзия – ақ жаңбыр ғой жазда жауған,
Ырысы ғой қасиетті жер-ананың.
Поэзия – егіні ғой туған елдің,
Ыстық нан боп адамдарға азық болған.

Поэзия – көктемі ғой туған елдің,
Поэзия – көктемі ғой жастық кездің.
Поэзия – мәңгіліктің жалғасы ғой,
Миллиардтаған жыл өтсе де өзгермейтін

Қаламсап менің қолымда...

Қаламсап менің қолымда,
Ақ қағаз жатыр жолымда.
Қаламсап жинап келемін,
Қаламсап менің бағым ба?

Қаламсап алып ойланам,
Толғанам өмір жайында.
Қаламсап менің жан досым,
Табылар әркез қасымда.

Қаламсап менің қолымда,
Бақ құсы тұр ғой басымда.

Қаламсап жазшы жыр-дастан,
Адамдар, бақыт жайында.

Киелі қалам, ақ қалам,
Қаламсап менің бақытым.
Көңілдің күйі бұзылса,
Қаламсап алып жыр жазам.

Қаламсап алсам қолыма,
Құйылар басқа ойларым.
Ойларым менің әскерім,
Жырлаймын халқым жайында.

Қаламсап менің қолымда,
Сұлу қыз отыр жанымда.
Махаббат жырын жырлайын,
Ғашықтық сезім жайында.

Па,шіркін менің қаламым,
Ғашық боп саған қаламын.
Қаламмен өлең жазбасам,
Шабытты қайдан аламын.

17.12.2017 ж.

Қазағым менің – алтын күн!

Қазағым менің – Көк түрік,
Қазағым менің – Сарыарқа.
Қазағым менің – Алатау,
Қазағым менің – домбыра.

Қазағым менің – Көк туым,
Қазағым менің – Нұр Отан.

Қазағым менің – Нұрсұлтан,
Қазағым менің – Астана.

Қазағым менің – Ар-намыс,
Намысты қолдан бермеген.
Қазағым менің – Баһадүр,
Жауынан қорқып көрмеген.

Қазағым менің – Ана тіл,
Қазақтың жаны, жүрегі.
Қазағым менің – Алтын күн,
Төгілген жерге күн нұры.

Қазағым менің – Тоқтарым,
Ғарышқа ұшқан батырым.
Қазағым менің – Қылқобыз,
Үні бар онда бабамның.

Қазағым менің – Түркістан,
Қазағым менің – Арыстан.
Тәуелсіз елге айналдық,
Бақыттан басым айналған.

Қазағым менің – Алты Алаш,
Қазағым менің – Жас Алаш.
Ақ әже әкел, құртыңды,
Қазаққа бүгін шашу шаш!

7.06.2017 ж.

Алла маған ақындықты сыйлаған!

Алла маған ақындықты сыйлаған,
Бұл ақындық «Мың бір түннен» басталған.

Бақыт деген не, - деп біреу сұраса,
Нағыз бақыт ақындық,-деп айта алам.

Құдай маған ақындықты сыйлаған,
Бар жақсылық ақындықтан басталған.
Ақын деген не, - деп біреу сұраса,
Алла тағала Құдіреті дей алам.

Тәңір маған ақындықты сыйлаған,
Ақындықты әр адамға жазбаған.
Кей адамның тұзы жеңіл болса да,
Ал,ақынның жүгі жеңіл болмаған.

Тағдыр маған ақындықты сыйлаған,
Бұл ақындық – «Бақыт құсы» дей алам.
Байлық қуып көрген жоқпын өмірде,
Ақыл менен ақындықтан нәр алам.

Бір Құдірет ақындықты сыйлаған,
Ақын болмай, надан болсам не болам?
Ақындықтың мөрі бар ғой жүректе,
Сол жүректен өлең туса қуанам.

Алла маған ақындықты сыйлаған,
Әр ақынын қазақ елі қолдаған.
Мұқағали Мақатаев ақындай,
Шабыт келсе «Жыр жауһарын» жаза алам.

Қазақ халқы ақындарын сыйлаған,
Әр ақынды «гауһар тасқа» балаған.
Өлең жазсам бір жасарып қаламын,
Өлең жазбай жүргенімде жынданам!

Бір Құдірет ақындықты сыйлаған,
Ақындықтан ақыл,қайрат күш алам.

Өмірімді сақтап жүрген ақындық,
Сондықтан да бұл ақындық дегенім:
Өмірімнің мән-мағынасы,
Өмірімнің тірегі,
Алла тағала сыйлығы, - деп
Айта алам...

О, поэзия сен менің бақытымсың

О, поэзия сен менің бақытымсың,
О, поэзия бұл өмірдің шуағысың.
Поэзияны жырлайды ұлы ақындар,
Өлең жазған ақындардың – тұмарысың.

О, поэзия сен неткен ғажайыпсың,
Ақындардың сыр ақтарар досымысың.
Поэзиясыз адамзат не істер еді,
Махабатты жырлай алмай өтер еді.

О, поэзия сен бір сұлу – ару қызсың,
О, поэзия сен мәңгілік – махаббатсың.
Адамдарға әрқашан нұр сыйлайтын,
«Құс жолынан» жеткен бір елшімісің?

О, поэзия сен қашанда сал-серісің,
О, поэзия сен жасыл көктембісің.
Жан-жүрегін зерттейтін адамдардың,
Тылсымның құпия бір сырымысың...

12.08.2005 ж.

Ақылым – шексіз қазына

Ақылмен дос бол, ақылың болса басыңда,
Ақылмен кеңес бақ құсы қонар айдыңға.

Ақылдың сырын білуге жігіт талаптан,
Ақылың – патша, ақылым шексіз қазына.

Ақылды тыңда, ақылды болшы ғұмырда,
Ақылмен жүрсек бақ жұлдыз жанар аспанда.
Ақылым менің, ақындық менің өмірім,
Ақылдың күшін пайдалан жастық шағыңда.

Ақылды болсаң, бақытың сенің қолыңда,
Ақылды болсаң өз-халқың келер жаныңа.
Ақылды зертте, ақылды әркез бағала,
Ақылды болсаң, қас-дұшпан келмес қасыңа.

Ақылды сыйла, жақсыны сыйла қашанда,
Ақылды болсаң дос-жаран жүрер тойыңда.
Құпия сырын аша алсаң жігіт ақылдың,
Алтыннан сарай, алтын тақ тұрар бағыңда.

11.12.2017 ж.

Тәңір берген – көк аспан!

Көк аспанға – ақша бұлттар жарасқан,
Көк аспанда – құстар ән сап, жарысқан,
Көк аспанда – көк мұхиттай түп-тұнық,
Күннің өзі көк аспанға нұр шашқан.

Көк аспанда – шексіздікке ұласқан,
Көк аспанға – ғаламшарлар тоғысқан,
Көк аспанды жаратушы – бір Алла,
«Құс жолының» бір бөлшегі – көк аспан.

Галактика сыңары ғой – көк аспан,
Көк аспанға бәрі-бәрі таласқан,

Түнгі аспанды қоршап алып, көп жұлдыз,
Көк аспанға – моншақ тағып, ымдасқан.

Адамзатқа қорған болған – көк аспан,
Адамдардың құт-мекені – көк аспан,
Гималай мен Алатаудың шыңдары,
Көк аспанмен, көк аспанмен санасқан.

Жер-анаға көрік берген – көк аспан,
Адамзатқа ырзық берген – көк аспан,
Қыс айында көк аспаннан қар жауып,
Жер-ананы тоңдырмаған – көк аспан!

Өлеңді жазу – бір бақыт!

Жер бетін басып жүрудің өзі – бір бақыт,
Он сегіз мың ғаламды көру – бір бақыт.
Бақытты болып жүрудің өзі ғанибет,
Аспанда күнді, жарықты көру – бір бақыт.

Көңілді жүру, жабырқап жүрмеу – бір бақыт,
Әзілмен түйреп сөйлесе білу – бір бақыт.
Бақытты адам, бақытты адам күтеді,
Әр сәттің бақыт екенін білу – бір бақыт.

Ақылды болу, жақсы адам болу – бір бақыт,
Ауырмай тәнің, денсаулық болса – бір бақыт.
Байлықтан – бақыт, қызметтен – бақыт іздеме,
Өмірге келдің осының өзі – зор бақыт.

Мақсатқа жетіп, жеңіске жетсең – бір бақыт,
Намысқой болып жүрудің өзі – бір бақыт.
Бақытты әркез, бақытты ізде өзіңнен,
Адамның сырын түсіне білу – бір бақыт.

Жақсылық жасап жүрудің өзі – бір бақыт,
Көктемді көру, гүлдерді теру – бір бақыт.
Әр күнің – бақыт, әр айың бақыт біл соны,
Бақыттан басың айналып жүрсе – бір бақыт.

Шабытың келіп, өлеңді жазсаң – бір бақыт,
Білімді болып, надан боп жүрмеу – бір бақыт.
Өмірге келдің, жер-ана деген ғаламға,
Табиғат сырын зерттеудің өзі – бір бақыт.

Кеудені керіп, таза ауа жұтсаң – бір бақыт,
Бұлақтың суын ішудің өзі – бір бақыт.
Қызғанып жүрме бақытын басқа адамның,
Арайлап атқан ақ таңды көру – сол бақыт...

9.08.2017 ж.

Алтыннан сарай, бақ болар...

Талаптан жігіт басыңа алтын құс қоңар,
Ақылды болсаң, өмірің жарқын нұр болар.
Елбасын қолдап, патшаны сыйлап жүрейік,
Өсекке ерме, сабырмен жүрген жөн болар.

Намысқой болсаң өмірің сәтті жол болар,
Білімпаз адам еліне сыйлы жан болар.
Елбасын қолда, Елбасын қолда өз-халқым,
«Жиһангер» болып, көшбастап жүрген ер болар.

Еңбекқор болсаң – Алтыннан сарай, бақ болар,
Бақытты болып әр күнін думан той болар.
Талаптан жігіт, алға ұмтыл жігіт күн сайын,
Әр күнін ғажап, ғибратты өмір сол болар.

Табиғат заңын зерттеген жанға бақ қоңар,
Жер-ана заңын білмеген адам құл болар.

Ғұмырдың – сәні, өмірдің күші ақылда,
Ақылмен ойлап, ақылмен жүрген хан болар.

Алланы ойла, бақ-дәулет деген сол болар,
Жақсылық жаса, Атымтай жомарт сол болар.
Ғұмырды ойла, өмірдің жұмбақ екенін,
Ақылсыз адам өмірде мынау қор болар.

Қайратты болып, ширеңдеп жүрген жөн болар,
Өмірің әсем, шаңыраққа шуақ құт қонар.
Талпына бергін, іздене берсең күн сайын,
Мұратқа жетіп, әр ісің оңды құт болар.

1.12.2017 ж.

Намысты қазақ

Намысты қазақ, жігерлі болшы өмірде,
Намысқой болшы намысты болар жерінде.
Намыссыз болып күлкіге қалып жүрмеші,
Ақылды болып өмір сүр мынау өмірде.

Намысты қазақ, намысты қолдан жіберме,
Намыстың туын биікке көтер, жеңілме.
Ақылмен ғана өмірде бәрін жеңесің,
Ақылды дұрыс қолдана білсең өмірде.

Ақылды қазақ, білімді болшы өмірде,
Білімді болсаң жетерсің мұрат жеңіске.
Ақылмен дос бол, ақылмен кеңес әрдайым,
Даналық жолын меңгергін жастық кезінде.

Ақылды қазақ, өнерлі болшы өмірде,
Өнерлі болсаң, шығарсың шыңға, биікке.

Өнерің сенің Құдайдың берген зор сыйы,
Өнерлі адам қадірлі болар елінде.

Намысты қазақ, еңбекқор болшы өмірде,
Еңбегің ғана адал дос мынау әлемде.
Еңбектен қазақ, еңбектен қазақ күн сайын,
Еңбегің жанып, жұлдызың тұрар бікте.

22.09.2017 ж.

Қазағым менің – бақ құсым!

Басымда алтын бақ құсым,
Астымда алтын тағым бар.
Бақытты қазақ – бірімін,
Алтыннан сарай, бағым бар.

Басымда алтын бақ құсым,
Басымда алтын тәжім бар.
Бір Алла маған сыйлаған,
Ақындық деген бағым бар.

Басымда алтын бақ құсым,
Басымда ақыл, білім бар.
Ақылым менің гауһар тас,
Поэзия атты досым бар.

Басымда алтын ойларым,
Сәттілік деген досым бар.
Өлеңім менің – жан досым,
Халқыма сыйлар жырым бар.

Басымда алтын бақ құсым,
Қазақтай дархан халқым бар.

Қазағым менің – бақ құсым,
Сарыарқа атты жерім бар.

Қолымда алтын қыран құс,
Астымда алтын тұлпарым.
Әлемге мәшһүр қазақтың,
Тоқтардай батыр ұлы бар.

Басымда менің бақ құсым,
Алатау биік шыңым бар.
Қазақтай халқым тұрғанда,
Бақытты болар жайым бар.

6.10.2017 ж.

Ақындық өнер бергенде...

Қуаншы әркез жер бетін басып жүргенге,
Алланың ғажап болмысын көріп жүргенге.
Өмірдің өзі белгісіз жұмбақ әлем ғой,
Қуаншы, мынау, жарықты көріп жүргенге.

Қуаншы, әркез аспанды көріп жүргенге,
Алтын күн тұр ғой жылуын шашып әлемге.
Ұйқыдан тұра күлімдей қара ғаламға,
Арайлап атқан таң шапақ нұрын көргенде.

Қуаншы, әркез ауаны жұтып жүргенге,
Қолыңнан келсе, жақсылық жаса пендеге.
Мұнайма, жігіт өмірде көштен қалдым, -деп,
Кей адам мынау жарықты көрмей жүргенде.

Қуаншы, әркез бақытқа қолың жеткенде,
Ақылды баспен алтындай таққа жеткенде.

Қызғаныш деген жау барын естен шығарма,
Қызғаншақ адам дос емес саған білгенге.

Қуаншы, әркез жеңіске жеткен күндерге,
Қуана білші өмірдің әрбір сәтіне.
Жабырқап жүрме, болмашы затқа өкпелеп,
Бір құдай маған ақындық өнер бергенде.

Қуаншы, әркез өмірге мынау келгенге,
Махаббат қызық, сұлуды құшып жүргенге.
Қанағат етші, қанағат етші бәріне,
Алланың берген хикметін көріп жүргенге.

28.08.2017 ж.

«Мен бақытты қазақпын»

Жолым болғыш адаммын, - деп күнде ойла,
Сол бір шақта күнім оңнан тумай ма,
Қыдыр ата жиі қонып үйіме,
«Ақ батасын» беріп маған тұрмай ма.

Миллиардермін, патшамын, - деп тағы ойла,
Ырзық, дәулет төрден орын алмай ма.
Мына өмірге шүкіршілік, - деп айтсаң,
Бұл өмірде бәрі жақсы болмай ма?

Мен бақытты қазақпын деп және ойла,
Алла –Тәңір мені қолдап тұрмай ма.
Бауыржандай батыр болсаң өмірде,
Барша қазақ мені қолдап тұрмай ма.

Жолым «Ақжол» болады, - деп күнде ойла,
Ал, бірақ та,
Бармақтай бақ болу керек мандайда,

Алтын ойлар жетелейді бақытқа,
Бақытты адам нұрын шашып тұрмай ма,
«Мен бақытты қазақпын», - деп күнде ойла...

Жұмыр басты пенделер

Жұмыр басты, екі қолды пенделер,
Өмір саған сағым емес сенделер.
Бұл өмірдің әрбір сәті күрес ғой,
Ашкөзденіп барады әне кезбелер.

Жұмыр басты, екі аяқты пенделер,
Екі жақсы бір-біріне тең келер.
Өмір саған ойыншық емес ойнайтын,
Сыйластыққа не жетеді пенделер.

Жұмыр басты, мешкей көзді пенделер,
Ал, Аллаға қандай нәрсе тең келер.
Сол бір көзбен бар әлемді көресің,
Сол бір көзге еніп кетті-ай,
Доллар менен теңгелер.

Жұмыр басты, бір жүректі пенделер,
Сабыр сақта, бақ пен дәулет бір келер.
Бақыт құсы қонды міне басыңа,
Сол бақытты бағалай біл пенделер.

Жер-ананы басып кетті-ау, безбүйректі еzbелер,
Бүгін адам, ертең топырақ,
Соны ұмытпа пенделер.
Жер-ана тұр кіндігінде айналып,
Жер астында жатыр әне,
Кеуде соққан пенделер.

Бүгін олар: адам емес,
Патша да емес,
Бай да емес,
Рухқа айналған мүрделер.

Жер-ананы,
Ақырын бас,
Ақырын бас,
Адамзат,

Жер астында,
Мәңгі ұйықтап,
Жатыр әне,
Кеуде соққан,
Өркөкірек пенделер.

Сол бір уақыт,
Баршамызға,
Баршамызға,
Бір келер...

«Алтын адам»

Алтын тарих,алтын орда,алтын адам,
Алтын сандық үстінде отыр Бабам.
Алтын сарай,алтын тақ,алтын қылыш,
Сол алтынның қасиетін білген данам.

Алтын сарай,алтын тәж,алтын адам,
Қазағымның әрбір тасы тарих маған.
Талай ғасыр жауларымен шайқасты ғой,
Туған жерін қылышымен қорғап қалған.

Алтын сарай,алтын қазақ,алтын адам,
Алтын құрсақ аналарым батыр туған.
Қазағымның ар-намысы туған жері,
Қазақ тілім намыстан да қымбат маған.

Алтын сарай,алтын сауыт,алтын адам,
Қазағымдай халқымды қайдан табам.
Ұлан-ғайыр жерлерді жаулап алып,
Ұрпағына қалдырған шексіз далам.

Алтын сарай,алтын тұлпар,алтын адам,
Жер үстінде барша ұлтқа патша болған.
Салт-дәстүрі,ана тілі,қолөнері,
Жер жаһанға баяғыдан үлгі болған.

Алтын сарай,алтын бақ,алтын адам,
Ат басындай алтындарды қайдан алған.
Жер үстінің бар алтынын жинап алып,
Алтын күндей жарқырап тұр менің бабам...

Рухынды көтер қазағым

Көңілді көтер – басыңа бақ құс қонғанда,
Көңілді көтер – басыңда дәурен тұрғанда.
Көңілді көтер,басыңды көтер қазағым,
Басыңда бағың,астында тағың тұрғанда.

Көңілді көтер – бір Алла қолдап тұрғанда,
Көк аспан ашық, жұлдызың жанып тұрғанда.
Көңілді көтер, еңсеңді көтер қазағым,
Жүрегің соғып, кеудеңде жаның тұрғанда.

Көңілді көтер сұлу қыз кірпік қаққанда,
Махаббат сезім, от болып лаулап тұрғанда.

Көңілді көтер, рухыңды көтер қазағым,
Тәуелсіз ел боп, Астана шаһар болғанда!

Көңілді көтер, алтын күн нұрын шашқанда,
Өмірлік тасым, өрмелеп күнге барғанда.
Көңілді көтер, шаттанып қуан әрдайым,
Ғұмырда мынау дәуренің жүріп тұрғанда.

Мен өмірде көп адастым білемін,
Бірде құлап, бірде тұрып жүремін.
Надандардың істеріне қарамай,
Мен өмірді күресу, - деп білемін.

Күрес қана күш береді бойыма,
Ақыл ғана нәр береді бойыма.
Адамдардың өсегінде еш мән жоқ,
Тек әрдайым бақыт тұрсын жолымда.

Мен өмірде көп адастым білемін,
Ақымақ боп жүргенімді сеземін.
Адасқанда ақыл айтар жолдас жоқ,
Сондықтан да бір Аллаға сенемін.

Ақымақ, - деп айтып жүр ғой соңымнан,
Санасыз, - деп айтып жүр ғой сан жылдан.
Соған бола ұнжырғанды түсірме,
Есек болып кетпейсің ғой сен одан.

Ақымақ, - деп айта берсін ұнаса,
Мейлі мені жамандасын күн ара.
Өсек айтқан надандарың бір күнде,
Үріп-үріп қалады екен далада.

Мен өмірде көп адастым білемін,
Бірде құлап бірде тұрып жүремін...

Жүрегім маған не дейді...

Дүрсілдеп соққан жүрегім,
Сыбырлап маған не дейді:
Адам боп келдің өмірге,
Адам боп ғұмыр сүр, - дейді,
Надандар көп ғой жалғанда,
Ақылды адам бол, - дейді.
Дүрсілдеп соққан жүрегім,
Сыбырлап маған не дейді:
Сабырлық таныт әрдайым,
Қанағат етіп жүр, - дейді.
Сабырлық түбі – сары алтын,
Алтыннан қымбат сол, - дейді.

Дүрсілдеп соққан жүрегім,
Әрдайым маған не дейді:
Жігіттік мінез танытып,
Намысқой қазақ бол, - дейді.
Намысқой шығар биікке,
Намыспен дос боп жүр, - дейді.

Дүрсілдеп соққан жүрегім,
Тағы да маған не дейді:
Қиындық көрсең мойыма,
Қасқайып қарсы тұр, - дейді.
Өмірде бәрі сынақ ғой,
Өмірдің мәнін біл, - дейді.
Күрескер болсаң әрдайым,
Бақыттың кілті сол, - дейді.

Дүрсілдеп соққан жүрегім,
Тағы да маған не дейді:
Басыңда бақ құс тұр әне,

Көзіңмен соны көр, - дейді.
Басыңда бақ құс тұрғанда,
Қызықтап дәурен сүр, - дейді.
Бармақтай бақ тұр маңдайда,
Риза боп соған жүр, - дейді.

Дүрсілдеп соққан жүрегім,
Сыбырлап маған не, - дейді.
Алланың біліп Құдіретін,
Алланы ойлап жүр, - дейді.
Шексіз әлем, ғарышты,
Жаратқан ием сол, - дейді.
Алланы естен шығарма,
Аллаға жақын жүр, - дейді.

Дүрсілдеп соққан жүрегім,
Таң атса тағы не, - дейді:
Қарекет етіп өмірде,
Наныңды тауып же, - дейді.
Талаптан әркез талаптан,
Талапты болған ер, - дейді.
Наданның еріп сөзіне,
Ақымақ болма сен, - дейді.

Ақылды берді бір Алла,
Өмірді берді бір Алла,
Өзіңе ғана сен, - дейді.
Жүрегім менің жан досым,
Тағы да, тағы не дейді...

Көңіл-күйім

Көңіл-күйім бірде олай, бірде бұлай,
Сарыарқаның ұйытқып соққан боранындай.
Көңіл-күйім бірде көктем, бірде күз боп,
Мың құбылып тұратын әдеті-ай.

Көңіл-күйім шабыттанса, жаз болады,
Көңіл-күйім бұзылса, қыс болады.
Көңіл-күйім бір орнында тұрмайды ғой,
Көңіл-күйім құлазыса шөл болады.

Көңіл-күйім құбылады бақсы болып,
Көңіл-күйім ән салады әнші болып.
Алабұртқан көңіл-күйім тыпыршиды,
Бәйгеге қосылған бір жорға болып.

Көңіл-күйім бірде олай, бірде бұлай,
Соншама құбылады неге солай.
Көңіл-күйдің бабын бір таба алмадым,
Көңіл-күйім қыран бүркіт қанатындай.

Көңіл-күйім бірде олай, бірде бұлай,
Сылаңдаған ару қыздың қылығындай.
Көңіл-күйдің бабын табу қиын екен,
Сөз беріп алдап кеткен сұлу қыздай...

Өмір – дастан

Өмір – күрес, өмір – жұмбақ қашанда,
Сол жұмбақты шеше алатын жан бар ма
Бұл – ғұмырдың қиындығы көп екен,
Қиындықсыз бақыт құсы қона ма

Өмір – дастан, өмір уақыт – мәңгілік,
Өмір – бақыт, өмір – шаттық, сәттілік.
Бәрі-бәрі сәттіліктен тұрмайды,
Бір – сәттілік, бір қателік – заңдылық.

Өмір – көктем, өмір – жастық ғажайып,
Жастық шақтан бар ләззатты алайық.
Кей кездері ашу қысса кеудені,
Сол ашуды сабырлықпен басайық.

Өмір – ана, өмір – адам күндегі,
Әр адамды құрметтейік жердегі.
Алтын Уақыт зулап кетіп барады,
Артқа тастап жастық деген серіні.

Өмір – сәуле жалт-жұлт еткен көздегі,
Өмір – ару іңкәр сезім түндегі.
Бұл өмірдің еш қызығы болмас ед,
Сұлу қыздар болмаса егер жердегі.

Өмір – жүрек, өмір – бауыр тәндегі,
Өмір жарық, жұлдыздар ғой түндегі.
От пен судан жаратылған пенденің,
Бірде – суық, бірде ыстық тәндері...

II БӨЛІМ

«ӘЛЕМДІ – СҰЛУЛЫҚ ҚҰТҚАРАДЫ...»

Бұл табиғат сұлулықтан жаралған

Сұлулардың әдемі ғой көздері,
Сұлулардың балдай тәтті сөздері.
Өздері де неткен сұлу тамаша,
Жарасып тұр ақ маржандай тістері.

Сұлулардың алтын, күміс шаштары,
Діріл қаққан кірпіктері, қастары.
Мұншалықты сұлулықты таппайсың,
Ғаламшардан іздесең де жоқ мейлі.

Сұлуларға жарасқан құмырсқа бел мен жүрісі,
Сұлуларға тән қылық – сыңғыр қаққан күлкісі.
Бұл табиғат сұлулықтан жаралған,
Қыз болмаса ұрпақ қалай өседі?

Сұлулардың айтқан сөзін жөн,- дейді,
Сұлулардың жүрген жерін той,- дейді.
Сұлу қызға ғашық болған күндерді,
Ең бақытты, ең бақытты күн дейді.

Сұлулардың әдемі ғой өздері,
Жиын-тойда жарқ-жұрқ етіп жүргені.
Сұлуларға ғашық болған адамды,
Жігіттердің ең сұлтаны сол дейді.

Сұлулардың бүлдірген ғой еріні,
Көзқарасы, жымың қаққан кездері.
Қылықтары бәрін жаулап алады,
Әсіресе, ана атанып, бала сүйген кездері.

Таңғажайып арулар!

Дүние жүзін билеген, қылышынан қан тамған,
Ұлы Әмір-Темірді дебағындырған – арулар.
Баһадүрдей батырды сұлтан қылған – арулар,
Адамзаттың көркі боп, қайда кетіп барасың,
Күн мен айдан жаралған, әдемі ғой арулар!

Әп-әдемі көзімен арбайтында – арулар,
Жүрегіме тұз сеуіп, жаралаған да – арулар.
Жігіттерге жар болып, тиіп алып содан соң,
Күйеулерін ұршықша билейтінде – арулар.

Көштен қалған жігітті хан қылғанда – арулар,
Жүректерге жол тапқан ақылды ғой – арулар
Жігіттердің гүлі боп, өсесіңдер – арулар,
Сол аруды құрметтеп, бағалайық – жарандар!

Сондай нәзік қылықпен ғашық қылған – арулар,
Ашуланса бұртиып, қорқытатын – арулар,
Аруларсыз дүниенің мағынасы жоқ деген,
Дана ғой Абай, Сәкен, Мағжандар...

Сұлу қыздар қандайсың?

Сұлу қыздар, ару қыздар қандайсың,
Мөлдіреген таңғы шықтан аумайсың,
Көздеріне, өздеріне ғашықпын,
Неге сендер бай жігітті ойлайсың?

Сұлу қыздар, ару қыздар қандайсың,
Махаббатқа неге селсоқ қарайсың?
Өздеріңді іздегеннен не пайда,
Ақшасы көп жігіттерді қалайсың?

Сұлу қыздар, ару қыздар қандайсың,
Тәтті шырын, алтын түсті балдайсың,
Өздеріңе ынтызар боп жүрмін ғой,
Маған неге ғашық бола салмайсың?

Сұлу қыздар, ару қыздар қандайсың,
Жаңа жауған аппақ қардан аумайсың,
Кей кездері сыңғыр-сыңғыр күлгенде,
Таудан аққан бұлақтардан аумайсың?

Сұлу қыздар, ару қыздар қандайсың,
Тостағандай көздеріңмен арбайсың.
Кей кездері жігітті де менсінбей,
Етік іздеп, сауда үйін шарлайсың?

Сұлу қыздар, ару қыздар қандайсың,
Жастық шақтың көктемінен аумайсың.
Күн нұрынан, ай нұрынан жаралған,
Аруларды ең сұлу, -деп ойлайсың?

*Қарағанды қаласы,
23.01.2010ж.*

Махаббат – сұлу қыз!

Жастық шақта махаббатқа тоймайсың,
Хас сұлудың өзін ғана ойлайсың.
Ойлауменен сұлу қыздың ақ махаббат, пәктігін,
Махаббаттың Күдіретіне мойынсұнып тұрғайсың.

Жастық шақтың әр күні махаббат, -деп ойлайсың,
Күндіз-түні сұлу іздеп, үйге де сен қоңбайсың.
Махаббаттың бал дәміне бас айналып, мас болып,
Бұл өмірдің бар қызығы – сұлу қыз, -деп ойлайсың.

Махаббатты ойласаң, терең ойға батасың,
Махаббаттың мәнін білмей шаршайсың.
Күндіз-түні сұлу қызды ойлай-ойлай,
Бұл арулар жұмбақ жан деп ойлайсың.

Махаббаттың отын шашқан сұлу қыздар қайдасың,
Бұл өмірдің бар қызығы, бақыты да сендерсің.
Махаббатсыз, сұлуларсыз еш мәні жоқ дүниенің,
Жігіттердің жүрегін жаралауды қоймайсың.

Жалын атқан отты көздер, сұлу көздер қайдасың,
Сұлу көздер қарағанда ғашық болып қаласың.
Қылықтарың қандай тәтті айдай сұлу арулар,
Жігіттерге махаббатты жиі сыйлап тұрғайсың.

Адам ата, Хауа ана да махаббаттан нәр алған,
Сол арудан Адам ата ұрпағы да тараған.
Махаббатты, сұлуларды сыйлайықшы адамдар,
Махаббаттың қызуынан жер-ана да күш алған.

О, махаббат, о махаббат қандайсың,
Ішкен сайын бал сезімге қанбайсың.
О, сұлу қыз, о сұлу қыз қандайсың,
Жалт-жүлт еткен көздеріңмен жігіттерді арбайсың...

О, махаббат қандайсың!!!

О, махаббат – қандайсың,
Арайлап атқан тандайсың.
О, махаббат қандайсың,
Алаулап жанған оттайсың.

О, махаббат қандайсың,
Биік шынар таудайсың.

О,махаббат қандайсың,
Таудан аққан судайсың.

О,махаббат қандайсың,
Сылаң қаққан қыздайсың.
О,махаббат қандайсың,
Ішіп алған жандайсың.

О,махаббат қандайсың,
Бұлбұл күстай сайрайсың.
Сынапқа ұксап жылтылдап,
Бір орында тұрмайсың.

О,махаббат қандайсың,
Құпиясын айтпас жандайсың.
Ару қыз боп көрініп,
Сезім болып лаулайсың.

О,махаббат қандайсың,
Жүрек болып тулайсың.
Көктем келсе,құлпырып,
Жын-пері боп ойнайсың.

О,махаббат қандайсың,
Сәйгүлік аттай зырлайсың,
Кейде қыран құс болып,
Көк аспанда самғайсың.

О,махаббат қандайсың,
Зәмзәм суы балдайсың.
Жастық шақта қыздайсың,
Қарттық кезең келгенде,
Бірде кемпір,түлкі боп,
Сағым болып алдайсың...

Арулар жүрегіне шоқ саламын!

Жастық шақ – ер жігіттің көктемi ғой,
Жігіттің сұлтан болар мезгілі ғой.
Жалындап бойда қуат, күш-жігерің,
Таудан аққан селдей боп тасиды ғой.

Ақан сері, Біржандай сал-серімін,
Қыздарға қырандай боп шүйлігемін.
Қансонарда түлкі аулаған аңшыдай боп,
Қақпанға сол түлкіні түсіремін.

Қыздарға Әміре боп, ән саламын,
Батыр да, Балуан да мен боламын.
Өнеріммен қыздарды таң қалдырып,
Арулардың жүрегіне шоқ саламын.

Абай ақын, Мағжанда мен боламын,
Поэзияның «ақ сандығын» ақтарамын.
«Ақ сандықтан» алып шыққан өлеңдерді,
Сұлуларға арнап мен мақтанамын.

Жігіттің падишасы мен боламын,
Жер жаһанның баһадүрі мен боламын.
Аспандағы жұлдыздарды әперем, - деп,
Қыздарды сұлу сөзбен қатырамын.

*Қарағанды қаласы,
4.08.2005 ж.*

Бақсы болып махаббатты алдаған...

Адамдарды түсінбеймін кей кезде,
Мысық пенен тышқан болып ойнаған.

Көп адамнан түңілемін кей кезде,
Қызғаныштан «бомба» болып жарылған.

Кейбір жанды түсінбеймін кей кезде,
Тасқа айналған жүректерін көргенде.
Өмір жұмбақ,-деп ойлаймын толғанып,
Қармағыма «алтын балық» түскенде.

Байлық пенен ақшадан да түңілем,
Алақанда сынапқа ұқсап тұрмайтын.
Байлық қуып көрген жоқпын өмірде,
Сол байлықты жинағаннан не табам?

Сұлу қызды ұнатпаймын кей кезде,
Сылаң қағып,бай жігітті арбаған.
Сұлулықты түсінбей-ақ қойдым ғой,
Бақсы болып махаббатты алдаған.

Өмірді де түсінбеймін кей кезде,
Ішкі әлемім құлазыған сәттерде.
Адамдарды түсінбей-ақ келемін,
Бойларынан жын-періні көргенде...

Қарағанды қаласы, 19.09.2016 ж.

«Һарон-патша» сықылды...

Жалындаған жастық шағым – көктемсің,
Көкжиектен көрінетін сағымсың.
Жастық шақ, - деп,
Махаббат, - деп жырлаймын,
Жастық шағым ең бақытты кездерсің.

Жалындаған жастық шақ – мөлдір едің,
Сұлу қыздың көзіндей әдемі едің.

Аспандағы жарқыраған күн секілді,
Шуағыңды бәрімізге шашар едің.

Жалындаған жастық шақ – бақытымсың,
Адамдарға қуаныш сыйлап жүрсің.
Жастық шақ адамзаттың «бақыт құсы»,
Бір кеткен соң,енді қайтып оралмайсың.

Жастық шақ – сен көктемнен нәр аласың,
Жастық шақта қыз іздеп сандаласың.
Жастық шақтың қызығы сондай ғажап,
Сұлуларға пәк жүректі ұсынасың.

Жастық – бақыт, жастық – ару, махаббат,
Жастық шақта махаббатқа шөлдеймін.
Жастық шақта – махаббатты жырлаймын,
Жастық шақты – сұлу қызға балаймын!

Жастық шақта ешнәрседен қорықпаймын,
Махаббаттың қызуымен суыққа да тоңбаймын.
Жастық шақтың күш-қуаты керемет,
Мен өзімді сал-сері, - деп ойлаймын.

Жастық шақта – Қобыландыдай батырмын,
Жауды көрсем арыстандай атылдым.
Жастық шағым – табиғаттың сыйы ғой,
Бұдан артық мен ләззатты таппаймын!

Жастық шақта - «Мың бір түнді» оқимын,
Ғашықтардың жыр-дастанын жүрегіме тоқимын.
Қиялға еріп, «Һарон-патша» сықылды,
Шахризадай сұлу қыздың әңгімесін,
Таң атқанша зерікпестен тыңдаймын!

Қарағанды қаласы, 2007 ж.

Махаббат әні

Әр адамның жүрегі – махаббат, - деп соғады,
Ғашықтардың көздері – махаббат, - деп тұрады.
Бұл ғаламның өзі де махаббаттан жаралған,
Махаббат, - деп күн нұры сәуле шашып тұрады.

Жер-ананың құшағы – ғашықтардың мекені,
Сұлуларсыз адамзат азып-тозып кетеді.
Адамдарға күш берген махаббат ғой ғажайып,
Сол махаббат адамға өмір сыйлап келеді.

Махаббатты әрдайым жырлай бергім келеді,
Махаббаттың дастанын тыңдай бергім келеді.
Сұлулардың ернінен сүйе бергім келеді,
Сұлуларға күн сайын гүл сыйлағым келеді.

Махаббат, - деп тұрады жапырақтың сыбдыры,
Махаббат, - деп гулейді Сарыарқаның желдері.
Махаббат, - деп қос аққу айдын көлде жүзеді,
Махаббат, - деп қиқулап қаз-тырналар ұшады.

Махаббат, - деп жауады жаңбырдың әр тамшысы,
Махаббат, - тұрғандай бұлақтың аққан сыңғыры.
Ғашық жандар әрдайым бірін-бірі іздейді,
Махаббаттан адамдар ләззат, бақыт табады.

Өмірдің мәні – аналар!

Қуанам мәз боп жақсылық көрсем адамнан
Мұңайып қалам жамандық көрсем кей жаннан.
Адамның бәрі ақылды емес қарағым,
Біреуі – жаман, біреуі – жақсы дүр болған.

Қуанам мәз боп адамдар жылы сөйлесе,
Құлазып қалам адамдар суық сөйлесе.
Жұмбақ қып неге жаратты екен адамды,
Мұңайсам – шөлге, қуансам – көлге айналам.

Қуанам мәз боп алтын күн тұрса жарқырап,
Әбіржіп қалам күн, айы батса қызарып.
Күн менен ай аспанның екі ғашығы,
Бір-бірін іздеп жүреді екен айналып.

Қуанам мәз боп сәбилер күлсе ыржиып,
Қуанам мәз боп адамдар жүрсе көңілді.
Өмірдің сәні, өмірдің мәні-аналар,
Сұлу қыз көрсем ғашық боп қалам біртүрлі.

Қуанам мәз боп көктемде құстар сайраса,
Аспанда бүркіт қанатын жайып самғаса.
Сарыарқа желі гуілдеп соғар күшейіп,
Жер-ана беті гүлдерге толып құлпырса.

«Алтын балық» секілді

Уақытты неге бағалай алмай келеміз,
Адамның жанын түсіне алмай әуреміз.
Махаббат қайда, жастық шақ қайда достарым,
Өмірдің мәнін түсіне алмай жүреміз.

Сұлу қыз қайда, ару қыз қайда, достарым,
Сұлуды іздеп, Сарыарқа жерін шарладым.
Сұлу қыз бүгін «алтын балық» секілді,
Қармаққа неге түспей-ақ қойды достарым.

Адамды неге бағалай алмай келеміз,
Ақылды жанды мазақ қып неге күлеміз.

Ақылды жанның достары аз ғой өмірде,
Сондықтан болар ақылды жанға сенеміз»!

Жаным, — деп айтқанда...

Сұлу қыз жымиса,
Жүрегім лүп еткен.
Ғажайып әлемнен,
Махаббат үн жеткен.

Қайырмасы:
Дір еткен,
Дір еткен,
Сезімді-ай селдеткен.
Жаным, - деп айтқанда,
Жүрегім дір еткен.

Әдемі көзімен,
Сезімді-ай оятқан.
Кірпігі дірілдеп,
Көзімен нұр шашқан.

Қайырмасы:
Қиылып қараса,
Жан-тәнім селк еткен.
Махаббат ұшқыны-ай,
Жүректі-ай тербеткен.

Қайырмасы:
Сұлуды көргенде,
Өн-бойым балқыған.
Ай-жүзін көргенде,
Ғашық боп қалғанмын.

Ғашық болып...

Жығылып та жүремін,
Сүрініп те келемін.
Ар-намысты ұмытып,
Жігерсіз боп жүремін.

Адасып та жүремін,
Шатасып та келемін.
Арақ ішіп кей кезде,
«Диуана» боп күлемін.

Қиялға бой алдырып,
Қорқақ болып беземін.
Өз-өзімнен жасқанып,
Сөз айта алмай жүремін.

Ақымақ боп та жүремін,
Сері боп та келемін.
Надандықтан кей кезде,
Таяқ жеп те жүремін.

Ақша алып біреуден,
Қарыз боп та келемін.
Сол ақшаны қайтармай,
Қашқын боп та жүремін.

Жамандардың ісіне,
Күйініп те жүремін.
Жынды суды ішіп ап,
Ақылдыға-ай күлемін.

Ақын болып өзімше,
Өлең жазып жүремін.

Кей кездері бір қызға,
Ғашық болып жүремін.

Гүлдана ару

Гүлдана сен роза гүлге ұқсайсың,
Хош иісті тәтті шырын балдайсың.
Кербезденіп, сылаң қағып жүргенде,
Кинодағы ханшайымнан аумайсың.

Гүлдана сен – алтын күнге ұқсайсың,
Күн нұрындай жылу шашып тұрғайсың.
Сәл жымисаң көзін от боп жанады,
Сол қылықпен жігіттерді арбайсың.

Гүлдана сен – Гүлданасың әдемі,
Күлгенін де, жүргенін де әдемі.
Сендей сұлу жер бетінде бар ма екен,
Сені тапқан анашың да әдемі.

Гүлдананың қылығы да әдемі,
Сұлу шашы, кірпігі де әдемі.
Жан әлемі аппақ қардай тап-таза
Мөлдір көзі бәрінен де әдемі.

Шындықты да бетке айтатын – Гүлдана,
Өтірікті жек көретін – Гүлдана.
Ашуланса жас баладай бұртыып,
Сәл нәрсеге ренжитін де – Гүлдана.

Машинаны жүргізетін – Гүлдана,
Сұлулықты жақсы көрер – Гүлдана.
Бір Гүлдана – мың сұлуға татиды,
Өзі – сәнқой, өзі – паң ғой Гүлдана!

18.07.2017 ж.

ІІІ БӨЛІМ

ӨМІРДІҢ ӨЗ ЗАҢЫ БАР

Бақыт деген...

Бақыт деген бес әріптен тұрады,
Бақыт десе жүрек лүп-лүп соғады.
Бақыт,бақыт дейміз біз ғой қайталап,
Нағыз бақыт – Денсаулықтан тұрады.

Бақыт деген –Дәулет,ырыс тұрағы,
Бақыт деген көк аспан ғой баяғы.
Бақыт құсын алыс жақтан іздейміз,
Нағыз бақыт адамдардан тұрады.

Бақыт деген бес әріптен тұрады,
Сол бір сөзден адам қуат алады.
Бақыт іздеп шарлаймыз ғой жер бетін,
Нағыз бақыт сыйластықтан тұрады.

Бақыт деген жақсылықтан тұрады,
Бақыт деген ар-намыстың қорғаны.
Бақыт сұрап,тілейміз бір –Тәңірден,
Нағыз бақыт ақыл,білім бұлағы.

Бақыт деген бір тамшыдан тұрады,
Бақыт деген бал сезімнен тұрады.
Бақыт деген ғажайып бір жастық шақ,
Нағыз бақыт махаббаттан тұрады.

Бақыт деген адамдардың ұрпағы,
Бақыт деген ана тілдің бақыты.
Бақыт іздеп,басымызды тау мен тасқа соғамыз,
Нағыз бақыт күрескенде, күрескенде туады...

Ақылым менің қайдасың?

Ақылым менің қайдасың,
Достарым менің қайдасың,
Надан болып қор болдым,
Жүрегім ғана сырласым

Ар-намысым бармысың,
Талабым менің бармысың,
Қамалды бұзар жастық шақ,
Жүректе менің бармысың?

Күш-қайратым қайдасың,
Жігерім менің қайдасың,
Қорқақ болып, ез болдым,
Батырлығым қайдасың?

Ақылымды іздейін,
Талабымды іздейін,
Ар-намысты оятып,
Надандықтан безейін.

Қайратымды қайрайын,
Жігерімді шындайын,
Ақылыммен дос болып,
Биіктерге самғайын...

*Қарағанды қаласы,
12.01.2009 ж.*

Білімді жетер мұратқа...

Еріншек болсаң, ез болсаң,
Көштен бір күн қаларсың,

Ұйқышыл болып, кеш тұрсаң,
Ел-жұртқа мазақ боларсың.

Қорқақ болсаң, су жүрек,
Қоянға ұқсап, қашарсың,
Арсыз болсаң, мәңгүрт боп,
Дұшпанға жем боларсың.

Білімсіз болсаң, сауатсыз,
Надан болып қаларсың,
Намыссыз болсаң, құр кеуде,
Адам санатынан қаларсың.

Жасқаншақ болсаң, боркемік,
Жалтаң-жалтаң етерсің,
Жуас қой жақсы жүндеуге,
Жуас боп қайда барарсың.

Еңбекқор болсаң ақылды,
Мұратқа бір күн жетерсің.
Талапты болсаң, білімді,
Бақытқа сонда жетерсің.

Адам – арзан, доллар – қымбат!!!

Адам– арзан болғанда, доллар – қымбат,
Достық арзан болғанда, билік – қымбат.
Бәрі-бәрі қымбаттап бара жатыр,
Адамнан банкідегі доллар қымбат.

Қайырмасы:

Адамдарым-ай, асыл жандар-ай,
Адамнан қымбат болды-ау тамақтарың-ай.

Ақшасыз шыға алмайсың үйден аттап,
Сананы билеп кетті-ау ақша-мансап.
Адамдарға үстемдігін жүргізіп тұр,
Доллармен бағаланды ар мен сымбат.

Қайырмасы:

Адамдарым-ай, асыл жандар-ай,
Намыстан қымбат болды алтындарың-ай.

Жаңа байлар көбейді осы күнде,
Миллиардтаған доллары бар банкілерде.
Мінгені «тойота» мен «лимузиндер»,
Сол ақшаны қайдан алды білдіңдер ме?

Қайырмасы:

Адамдарым-ай, асыл жандар-ай,
Адамнан қымбат болды ақшаларың-ай!

12.08.2005 ж.

Ақшаның құлы – адамдар!

Ақша үшін адасып жүрадамдар,
Доллар үшін арын сатқан надандар.
О, адамзат қайда кетіп барасың,
Ақша үшін сәби сатқан аналар!

Ең алдымен денсаулықты ойлаңдар,
Содан кейін тіршілік қамын жасаңдар.
Адам боп қалу үшін өмірде,
Намыс пенен ар керек ғой жарандар.

Бұл заманда саналы аз ғой – адамдар,
Доллар десе анасын сатқан арсыздар.

Дін мен тілін құрметтейтін бұл күнде,
Намысы мен ақылы бар қазақтар.

Адамдарды құл ғып қойған – ақшалар,
Адамдарды жынды қылған – ақшалар.
Тәні менен жанын сатып ақшаға,
Бұл ақшаға құл боп кетті адамдар.

4.08.2005ж.

Космос заңы...

Космос заңы,
Шеңбермен келем айналып,
Сәйгүлік аттай,
Айналып жүрмін айналып.
Айналып жүрмін,
«Өмір деген» шеңберді,
Өмірдің заңы,
Шеңбермен жүру айналып.

Космос заңы,
Шеңбермен келем айналып,
Айналып жүріп,
Ойланам кейде толғанып.
Айналып келем,
«Құс жолы» атты Ғарышты,
Галактика өзі,
Миллиард жыл тұр ғой,
Айналып.

Бабалар салған,
Жолменен келем айналып,
Шеңберден шықсам,

Маймылға кетем айналып,
Табиғат заңын,
Бұзбау үшін өмірде,
Шеңберді дұрыс,
Айналу керек айналып.

Космос заңы,
Шеңбермен келем айналып,
Өмірім менің,
Шеңберге кетті-ау айналып.
Өмірдің заңы,
Жер-ана заңы айналу,
Айналып жүріп,
Бақытты іздеу – заңдылық!

Космос заңы,
Шеңбермен жүру айналып,
Ақылмен ойлап,
Тереңнен ойлау талпынып.
Айналып жүріп,
Айналма, бірақ наданға,
Есекке ұқсап, бақырып жүрме,
Шеңбердің бойына айналып...

Ширақтық ерге жарасар!

Ширақ боп жүрсең өмірде,
Жетерсің бір күн мұратқа.
Білімді болсаң өнерлі,
Жетерсің бір күн бақытқа.

Ширақ боп жүрсең ширығып,
Шығарсың биік белеске.

Ширыққан ерге бақ қоңар,
Шыңдалу керек өмірде.

Ширақ боп жүрсең өмірде,
Сәйгүлік аттай желерсің.
Заманның қалмай көшінен,
Арманға сен де жетерсің.

Ширақ боп жүрсең жарқырап,
Бақыттың кілтін табарсың.
Ширақтық ерге жарасар,
Жастық шақ тұр ғой жалындап.

Намысқой бол да қайсар бол,
Уақытты әркез бағала.
«Талапты ерге нұр жауар»,
Дегендіжігіт ұмытпа!

Ширығып жігіт алға ұмтыл,
Билердің сөзін ұмытпай.
Бақыттың жолы – ширығу,
Шынығу керек құрыштай !

Түсінбей келем өмірді...

Түсінбей келем өмірді,
Түсінбей жүрмін адамды.
Басқаны қалай түсінем,
Түсінбей жүрсем өзімді.

Түсінбей келем өмірді,
Өмірдің құпия заңдарын.
Түсінбей келем ғұмырда:
Өмірдің сынақ екенін.

Түсінбей келем өмірді,
Ұға алмай өмір сырларын.
Өтірік айтқан адамды,
Түсіне алмай дал болам.

Бағасын білмей өмірдің,
Қуаныш,бақыт сәттерін.
Жүрегім кейде сыздайды,
Мінезін көріп наданның.

Түсінбей келем өмірді,
Өмірдің сәуле екенін.
Жұлдызда кейде жылайды,
Тағдырын көріп наданның.

Түсінбей келем өмірді,
Түсінбей қойдым кей жанды.
Басқанықалай түсінем,
Біле алмай жүрсем жанымды.

Түсінбей қойдым адамды,
Қылығын көріп кей сәтте.
Аң-таң болып қараймын,
Аузынан шыққан көбікке.

Жүрегім кейде жылайды,
Ар-намыс таппай бойымнан.
Түсінбей қойдым жан-тәнді,
Басқаға қалай кінә артам?

Жүрегім кейде жылайды,
Дос таба алмай қазақтан.
Шерімді айтам жүрекке,
Жүрекпен ғана сырласам.

Түсінбей қойдым адамды,
Жылулық көрмей бойынан.
Түсінем қайтып наданды,
Жүрегі мұзға айналған.

Өмірді көрген ғұлама,
Жер бетін тозақ – от,-дейді,
Өмірде көрер қызығың,
Ұйқыда көрген түс,-дейді...

Бақыттың кілті–ақылда

Япыр-ай,адам өмірі,
Ұйқыма,әлде түспе екен!?
Ақша менен байлығың,
Ұйіп қойған боқ па екен...

Аспандағы –алтын күн,
Алаулаған от екен.
Адамның ұзақ ғұмыры,
Көбелек пен гүл екен.

Жақсы адамның өмірі,
Жұмақтың самал төрі екен.
Жаман адам өмірі,
Тозақтың жаман оты екен.

Жақсы адамның тірлігі,
Ақыл-парасат жолы екен.
Жаман адам тірлігі,
Сауысқанның ісі екен.

Жақсылық жаса адамға,
Бұл ғанибет іс екен.

Жамандық жасау адамға,
Ақылсыз жанның ісі екен.

Қорқақ адам өмірі,
Қоянның қашқан ізі екен.
Батыр адам өмірі,
Қыран құстың өзі екен.

Ғашықтардың өмірі,
Шолпан жұлдыз, ай екен.
Махаббатсыз өткен күн,
Сахара дала шөл екен.

Жақсы адамның сөздері,
Шипалы ем, бал екен.
Жаман адам сөздері,
Жүрекке түсер дақ екен.

Өмірді көрген қария,
Хан – патшаның өзі екен.
Қазымыр қарттың өмірі,
Бықсып жанған от екен.

Ақылды адам өмірі,
Даналық – патша өзі екен.
Ақымақ адам өмірі,
Есектің артқан жүгі екен.

Зымиян адам өмірі,
Қазулы тұрған көр екен.
Наданның көрген өмірі,
Тірі өлік болған жан екен.

Алдын-ала ойлану,
Ақылды адам ісі екен.

Алдын-ала ойланбау,
Ақымақ жанның ісі екен.

Бақытты адам дегенім,
Ақылмен жүрер ер екен.
Бақыттың кілті – ақылда,
Ақылың саған дос екен.

Досым жоқ,-деп мұнай ма?
Ақылың болса басыңда.
Ақымақ досты қайтесің,
Сатып кетер тар жолда.

Қиындық көрсең өмірде,
Жүнжіме жігіт мойыма!
Бәріңе өзің жауап бер,
Басқаға артпакінәні.

Япыр-ай, адам өмірі,
Ұйқыда көрген түс екен.
Алтын-күміс дегенім,
Далада жатқантас екен.

Жастық шақта жалында,
Жастық шақ деген от екен.
Жастық дәурен келмейді,
Мұны әркім білсе екен.

Ақындық деген бақ құсы,
Бір Алла берер сый екен.
Ақындық деген зор байлық,
Бұл Тәңірдің ісі екен.

Бақ құсы қонса басыңа,
Жігітім оны бағала!

Бақ құсын сыйла, құрметте,
Ұшырып алма, абайла!

Қарағанды қаласы, 25.02.2017ж.

Талапты болсаң білімді...

Еріншек болсаң, ез болып,
Көштен бір күн қаларсың.
Ұйқышыл болып, кеш тұрсаң,
Ел-жұртқа мазақ боларсың.

Қорқақ болсаң сужүрек,
Қоянға ұқсап қашарсың.
Арсыз болсаң, мәңгүрт боп,
Дұшпанға жем боларсың.

Білімсіз болсаң сауатсыз,
Надан болып қаларсың.
Намыссыз болсаң құркеуде,
Адам санатынан қаларсың.

Жасқаншақ болсаң боркемік,
Жалтаң-жалтаң етерсің.
Жуас қой жақсы жүндеуге,
Жуас боп қайда барарсың.

Еңбекқор болсаң ақылды,
Мұратқа бір күн жетерсің.
Талапты болсаң білімді,
Бақытқа сонда жетерсің!

Зая кетті көп жылдар...

Надандықтың құлы болып келемін,
Жалқаулардың досы болып жүремін.
Бұл – жалқаулық мініп алды-ай желкеме,
Патшағарды жеңе алмай әуремін.

Білімсіздің күнін кешіп келемін,
Қорқақтардың күйін кешіп жүремін.
Қорқа-қорқа момын қойға айналып,
Қасқырлардың азығы боп келемін.

Ақымақтың жолдасы боп келемін,
Жынды суға құмар болып жүремін.
Бойкүйездік жаулап алды тәнімді,
Енжарлықтан арыла алмай келемін.

Беделімді сақтай алмай келемін,
Абыройды айрандай ғып төгемін.
Арақ ішіп, ар-намыстан жұрдай боп,
Сол баяғы таз қалпыма түсемін.

Жақсы адамды қорғай алмай келемін,
Жақсылықты жасай алмай жүремін.
Бәрінен де зая кетті-ай көп жылдар,
Сол жылдарға қарыздар боп келемін...

Доскей ауылы, 27.01.2016ж.

Адамдардың құт-мекені –көк аспан!

Көк аспанға – ақша бұлттар жарасқан,
Көк аспанда құстар ұшып жарысқан.
Көк аспанда көк мұхиттай түп-тұнық,
Күннің өзі көк аспанға нұр шашқан.

Көк аспанда шексіздікке ұласқан,
Көк аспанға ғаламшарлар тоғысқан.
Көк аспанды жаратушы – бір Алла,
Құс жолының бір бөлшегі көк аспан.

Галактика сыңары ғой көк аспан,
Көк аспанға бәрі-бәрі таласқан.
Түнгі аспанды қоршап алып көп жұлдыз,
Көк аспанға мәншақ тағып жымдасқан.

Адамзатқа қорған болған көк аспан,
Адамдардың құт-мекені – көк аспан.
Гималай мен Алатаудың шыңдары,
Көк аспанмен, көк аспанмен санасқан.

Жер-анаға көрік берген көк аспан,
Адамзатқа ырзық берген көк аспан.
Қыс айында көк аспанның қар жауып,
Жер-анаға қамқор болған көк аспан!

Бақыт тұрсын алдымда...

Мен өмірде көп адастым білемін,
Бірде құлап, бірде тұрып жүремін.
Адамдардың өсегіне қарамай,
Мен өмірді күресу, -деп білемін.

Күрес қана күш береді бойыма,
Ақыл ғана нәр береді ойыма.
Адамдардың өсегінде еш мән жоқ,
Тек әрдайым бақыт тұрсын алдымда.

Мен өмірде көп адастым білемін,
Ақымақ боп жүргенімді сеземін.

Адасқанда ақыл айтар жолдас жоқ,
Сондықтан да бір Аллаға сенемін.

Ақымақ,-деп айтып жүр ғой сыртымнан,
Санасыз,-деп айтып жүр ғой сан жылдан.
Оған бола ұнжырғанды түсірме,
Есек болып кетпейсің ғой сен одан.

Ақымақ,-деп айта берсін ұнаса,
Мейлі мені жамандасын күн ара.
Өсек айтқан надандарын өмірде,
Үріп-үріп қалады екен өмірде.

«Намысым – өмірімнің тірегісің»

Намысымды іздеп жүрмін алаулаған,
Жігерім құм болды ма жасымаған.
Жалындаған жастық шағым қайда жүрсің?
От болып, найзағай боп жарқылдаған.

Намысымалмас қылыш лыпылдаған,
От көзіңді ашсаңшы жалындаған.
Жанартаудай атқылап жатушы едің,
Бұрқ-сарқ етіп, жүрегіме шоқ салдырған.

Өрнамысым оралсаңшы қайтып маған,
Құшағымды ашайын жатсынбаған.
Ер жігіттің қорғаны боп жүруші едің,
Көңіліңді қалдырдым ба?,-аңқылдаған.

Бір Алла бармақтай бақ берші маған,
Сегіз қырлы жігіт болу мақсат маған.
Намысымды жоғалтып сандалдым ғой,
Сенен артық нағыз досты қайдан табам.

Намысым, ренжімеші, енді маған,
Көңіліңді қалдырмаймын сенші маған.
Асқар тауды көтерер күшің бар ғой,
Сол қайратты қайтарып берші маған.

Намысымер жігіттің қорғанысың,
Намысым өмірімнің тірегісің.
Ескендірдей рухтанып серпілейін,
Жалаңтөсім көмекке келші маған!

Доскей ауылы.

Сана бар ма наданда?

Адам бол,-деп ақыл айту оңай да,
Сол ақылды қабылдайтын,
Ми бар ма екен маңдай да.
Адам бол,-деп жалпылама айтқанмен,
Санасызға мың айтсаң да,
Қона ма?

Адам бол,-деп,
Айтып кеткен Абай да,
Нақыл сөзді түсінбесек,
Не пайда?
Адам бол,-деп,
Адал бол,-деп,
Қанша айтсаң да,
Наданға,
Тез ара да,
Адам болу,
Оңай ма?
Сол ақылды,
Сол ақылды,

Түсінетін,
Түсінетін,
Сана бар ма,
Ми бар ма екен,
Надан да.

Алдап-арбау...

Алдап-арбау өмірдің заңы болды,
Ақша алу шенеуніктің сәні болды.
Өмірде көп нәрсе жасандылық,
Жасандылық осы өмірдің мәні болды.

Ақша деген бұл қоғамның заңы болды,
Өтірік айту көп адамға дағды болды.
Өтірікпен кей адамдар билікке кеп,
Ал, ақша бұл адамға патша болды.

Алдап-арбау бұл қоғамның дерті болды,
Байлығы көп адамдар сыйлы болды.
Бұл күнде бай мен кедей заманы ғой,
Адамның ойлайтыны ақша болды.

Өмірдің заңы

Өмірдің біле алмай заңдарын,
Өмірде адасып,шатастым.
Кім ғой,-деп адамды зерттемей,
Дұшпанға сыр айтып қойыппын.

Өмірдің біле алмай заңдарын,
Бақ құсын іздеумен келемін.

Бақытты таптым-ау дегенде,
Бақ құсын үркітіп аламын.

Өмірден таба алмай шын досты,
Шын досты мен қайдан іздейін.
Өмірде дос қой,-деп сенгенім,
Дос емес жау болып шығыпты.

Өмірде көп нәрсе жұмбақ қой,
Адамзат,жер-ана,жұлдыздар.
Мен өмір заңдарын ойласам,
Әр адам бір жұмбақ ғаламшар.

Өмірде таба алмай жолымды,
Басымды тау-тасқа соғыпшын.
Өмірге таң қалып жүргенде,
Жастық шақ зу ете қалыпты.

Өмірді ғалым боп зерттеймін,
Даналық заңдарын білсем,-деп.
Түн болса жұлдызға қараймын,
Шегі жоқ ғажайып әлем деп.

Бақыттың таба алмай мекенін,
Бақытты әр жерден іздеймін.
Бақ құсы басыма қонса да,
Түс қой,-деп өзімше сенбеймін.

Жақсылық жасау

Жақсылық жаса ақ сүтін берген анаға,
Адами қасиет жақсылық жасау адамға.
Жақсылық жасай білудің өзі тектілік,
Махаббат сәні ғашық боп қалу сұлуға.

Сабырлы болу ақылды адам белгісі,
Жақсылық жасап жүрудің өзі бір бақыт.
Адамға адам жақсылық жасап жүрейік,
Космос заңы, өмірдің заңы – жақсылық!

Ғұмырдың мәні – жақсылық жасау пендеге,
Бауырмал болшы ағайын-туыс бауырға.
Жақсылық жасап жүрудің өзі батырлық,
Жылы сөз айтшы мұңайып жүрген адамға.

Сәлем бер анау таяқпен жүрген атаға,
Амандас дұрыс ақжаулық тартқан апаға.
Сәлемді берсең, бір жасап қалар қария,
Көңілін көтер, жақсы сөз айтшы данаға!

Жаман сөз айтпа, жылы сөз айтшы адамға,
Жаман сөз айтып адамның көңілін қалдырма.
Жаман сөз айтсаң жүрекке найза қадайсың,
Суық сөз айтып ренжітіп алмаадамды.

Жынды сөз айтпа, жүрекке оқ боп тиетін,
Боқтық сөз айтпа, садақ боп қатты тиетін.
Адамның бәрін жаратты күшті бір Құдай,
Жаман сөз айтып жаралап алма жүрегін.

Арайлап әне таң атты тағы, тағы да,
Алтын күн тұр ғой жылуын шашып адамға.
Жақсылық жасау Алланың берген хикметі,
Қолыңнан келсе жақсылық жаса адамға.

Жақсылық іс қыл, мейіріммен қара адамға,
Дәрежең өсіп, мерейін үстем болады.
Кеңпейіл болып, қонаққа шақыр адамды,
Өмірге қонақ, жер-ана болар тұрағы.

Күйбің-тірлік

Күнделік күйбіңтірлікпен,
Адамдар жүр ғой далақтап.
Тән сату әдет боп кетті,
Қалды ма бойда ар-ынсап.

Күнделік күйбің-тірлікпен,
Адамдар жүр ғой күйбеңдеп.
Ақша үшін жұмыс істейді,
Тілдерің кетті-ау салақтап.

Күнделік күйбің-тірлікпен,
Жүйкесі адам тозды ғой.
Ашумен айтып ауыр сөз,
Күнәға батып қалды ғой !

Күнделік күйбің-тірлікпен,
Ай,жылдар сырғып өтуде.
Боқ қарын,тамақ,нәпсі үшін,
Есек боп ғұмыр кешуде.

26.01.2018 ж.

Ақылдың кілті

Ханмын,-деп ойла өзінді,
Сен өзін патша дарасың.
Бақытқа қолым жетті де,
Бақытты жан,-деп ойласын.

Патша,-деп ойла өзінді,
Өмірге сен де қожасың.
Ақылдың сырын білсеңіз,
Табиғат заңын ұғарсың.

Ақылдың тапсаң сарайын,
Өмірдің жолын табарсың.
Даналық дарып бойыңа,
Халқына сыйлы боларсың.

Ақылдың ашсаң есігін,
Өмірден бәрін аларсың.
Сәттілік саған дос болып,
Кеудеңе медаль тағарсың.

Ақылдың кілтін тапсаңыз,
Өмірің шаттық той болар.
Бір Алла қолдап ісінді,
Даналық саған дос болар.

8.12.2017 ж.

Қарекет ғұмыр негізі

Қарекет керек адамға,
Пендеге өмір,ар керек.
Қарекет етші күн сайын,
Адамға намыс,жан керек.

Қарекет керек адамға,
Қарекет ғұмыр негізі.
Бос жатпай жаса әрекет,
Қарекет өмір тірегі.

Қарекет керек адамға,
Қарекет етші ерінбей.
Өмірде көштен қалмағын,
Көп ұйықтап жатпа езілмей.

Қарекет керек адамға,
Көңіл-күй болмай тұрса да.

Қарекет етші әрекет,
Жауларың қоршап алса да.

Қарекет керек адамға,
Қарекет өмір талабы.
Қарекет етпей жүргендер,
Қор болып көштен қалады.

Қарекет керек қарекет,
Мақсатқа жету керемет.
Қарекет етші жалықпай,
Қарекет түбі – бақ-дәулет.

Қарекет қажет қарекет,
Бойыңда талап болса егер.
Тірі өлік болу масқара,
Іс-қимыл жаса әрекет...

21.11.2017 ж.

Өзінде барды бағала

Ақылмен ойлап, ақылдың күшін шамала,
Ақылмен сырлас, әр істі ойла сарала.
Өмірде бәрі, өмірде бәрі күрделі,
Күш-қуат бар да, жер бетін кезіп арала.

Сал-сері болсаң тұяғын аттың тағала,
Жақсыны сыйлап, жаманды әркез қарала.
Тәуелді болып, біреуден бір зат алғанша,
Өзінде барды, өзінде барды бағала!

Адамдар кей кез аспанда ұшар шағала,
Қабакты түйіп адамға жаман қарама.
Асыл мен жасық арасы жер мен аспандай,
Адамға қарап шошайтып саусақ нұсқама!

Көш бастап жүрсең...

Күреспен ғана, еңбекпен ғана мақсатқа жете
аласың,
Намысқой болып, ақылды болсаң еліне сұлтан
боласың.

Жасқаншақ болма, еріншек болма ешқашан,
Ез болсаң егер есек боп көштен қаларсың.

Күреспен ғана, талаппен ғана арманға жете
аласың,
Қайратты болып, сабырлы болсаң мұратқа
жете аласың.
Ешкімге сенбе, Аллаға сенші, өзіңе сенші
бауырым,
Сол кезде ған беделді болып, халыққа
сыйлы боласың.

Ширығып жүрсең, көш бастап жүрсең ойлаған
жерге барасың,
Ақылмен дос бол, ақылмен кеңес сол кезде
дана боласың.
Ақылға сенші, еңбекке сенші, өнерге сенші
бауырым,
Сол кезде жігіт алтын күн болып, нұр-сәуле
шашып тұрасың.
9.01.2018 ж.

Бармақтай бақ...

Ғұмырым күреспенен өтіп жатыр,
Бармақтай бақ өміріме жетіп жатыр.
Жанұяма бақыт құсы келіп қонды,
Қызыр бабам қонақ боп келіп жатыр.

Көп уақытым мағынасыз өтіп жатыр,
Мерейім күннен-күнге тасып жатыр.
Бақ-дәулет мені іздеп үйге келді,
Ал, достарым құт келді, -деп айтып жатыр.

Өмірім қуанышпен өтіп жатыр,
Көре алмайтын дұшпандарым талып жатыр.
Бір Тәңірден күш-қуат аламын ғой,
Бір Алланың қолдағаны жетіп жатыр.

Өмірім талаппенен өтіп жатыр,
Жігітке 70 өнер жетіп жатыр.
Ақындығым, журналистік-«алтын тәжім»,
Өнерім қазағыма жетіп жатыр.

Өмірім итжығыспен өтіп жатыр,
Шәуілдеп жаман иттер үріп жатыр.
Ақындық өнерімді халық қолдап,
«Рухани жаңғырулар» болып жатыр.

Өмірім күншілдікпен өтіп жатыр,
Бет-жүзіме қатпар әжім түсіп жатыр.
Өлең оқып, жыр арнадым өз-халқыма,
Өнеріме жақсы лебіз айтып жатыр.

4.01.2018 ж.

Ақшаның құлы болғандар

Жер-ана үсті қаптаған миллиард адамдар,
Мәңгүрт боп кетті көбісі оның надандар.
Нәпсі мен тәнге құмар боп кетті тоз-тоз боп,
Тозаққа түсіп, тозақтан орын алмаңдар.

Жер-ана беті құжынап жатқан адамдар,
Ұрлыққа барып, қылмыскер болды-ау кей жандар.
Шайтанға еріп, адасып жүрме, ей, пенде,
Бейкүнә жанға жаланы жаппа адамдар.

Жер-ана тәнін жаралап жатыр адамдар,
Түйені тұтас, түгімен жұтып жатқандар.
Бабадан қалған салт-дәстүр қайда қазағым,
Байлыққа құл боп ақшаға тәнін сатқандар.

Жер-ана бетін тіршілік етіп жатқандар,
Жемқорлық жасап, түрмеге түсіп қалғандар.
Адамдар мәңгі, адамдар мәңгі сүрмейді,
Өзімшіл болып, иманнан жүрдай болмаңдар.

Жер-ана бетін алшаңдай басқан адамдар,
Уақытша жүріп, топыраққа қайта барғандар.
Бір тамшы судан, топырақтан Құдай жаратты,
Құдіретін таны, Аллаға бас иі адамдар.

Жер-ана беті жыбырлап жүрген адамдар,
Ел-жері үшін, соғысты-ау батыр – ұландар.
Жер-ана деген «Жұмақтың бағы» емес пе,
Осының бәрін ұмытып кетті-ау адамдар.

Байлықтан мас боп, жын-ойнақ жасап жатқандар,
Бірімен-бірі жауласып жатыр адамдар.
Адамда – иман, қанағат, тәуба қалмады,
Шүкірлік қылып, Алланы ойла адамдар!

5.12.2017 ж.

Ақылым досым

Ақылым менің көмекке келші,
Адасқан дел-кұл кезімде.
Ақылым маған сабырлық берші,
Мазасыз күйге түскенде.

Айналдым сенен ақылым менің,
Қасыма келші, үркпеші.
Намысымоян, жігерлен, сілкін,
Жанымнан қашып кетпеші.

Ақылым келсе, бақ құсым келер,
Жын-пері келмес қасыма.
Ақылды болсам, достарым келер,
Қас-дұшпан тұрмас қасымда.

Ақылым менің жан досым менің,
Жауыма сеніп қалмашы.
Ақылым менің, бақытым менің,
Биікке әркез самғашы...

5.01.2018 ж.

Намысты іздеймін

Жігіттік намыс таба алмай бойдан жынданам,
Жігер мен қайрат денем де бар ма ойланам.
Намыс пен қайрат керек ғой ер адамға,
Таң атса болды намысты іздеп шарқ ұрам.

Намысты таппай өзіме-өзім таң қалам,
Батырлар рухын, бабалар жайын еске алам.
Намысым қайда, намысым бар ма қанымда,
Намыспен ғана мұратқа әркез жете алам!?

Жүректен намыс таба алмай жиі ойланам,
Намысты іздеп, намысты қайдан таба алам.
Намысы күшті, намысты адам ержүрек,
Намысы барды бақытты жан, - деп айта алам.

24.01.2018 ж.

Пай-пай алтын басым-ай!

Уа, пәлі-ай менің алтын басым-ай,
Жарқырап тұрған гауһар тасым-ай.
Надандық келіп, қор болды менің басым-ай,
Уа, пәлі-ай менің домалақ келген жұмыр басым-ай.!

Ей, менің алтын басым-ай,
Ақылды сақтап, қорған боп оған жүрсің-ай.
Жауларым келіп, тиіспе менің шақшадай алтын басыма,
Домалақ келген, маңдайы жалпақ басым-ай.!

Па, шіркін, менің алтын басым-ай,
Алтыннан – қымбат, байлықтан – артық басым-ай.
Бақ құсы келіп, қонды ғой менің басыма,
Па, шіркін адал, ақкөңіл болған досым-ай.!

Уа, пәлі-ай, менің алтын басым-ай,
Біреуге сеніп, алданып жүрген басым-ай.
Ақымақ болып,
Басымды соқтым тау мен тасқа да,
Кешіріші мені құрыштан мықты басым-ай.!

Ей, менің шыншыл, сенгіш досым-ай,
Домалақ пішін, алтын күн болған басым-ай.
Алтындай басты имеймін енді жауыма,
Еңсеңді көтер, тік ұста жігіт басынды-ай.!

Уа,пәлі-ай, менің алтын басым-ай,
Бір Алла берген асыл ғой менің басым-ай.
Алтындай бастың қадірін жігіт түсірме,
Құрметтеп сыйла,ғажайып алтын басыңды-ай,
Пай-пай шіркін, менің алтын басым-ай!

17.12.2017 ж.

Алланың нұрлы жолы

Бақ құсын ізде – Алланың ғажап бағынан,
Бақ құсын сұра – өмірді көрген данадан.
Бақ құсы келіп басыма менің қоңды ғой,
Бақ құсын ізде Қарлығаш салған ұядан.

Бақ құсын ізде – еңбектің төккен терінен,
Бақ құсын ізде – поэзия атты әлемнен.
Бақ құсы келіп өмірім қалай құлпырды,
Бақ құсын сұра – жастық шақ деген серіден.

Бақ құсын ізде,бақ құсын ізде – өнерден,
Қайратты ердің бақ құсы ерер соңынан.
Бақ құсы деген ақылдың өзі екен ғой,
Ақылды болып,танымал болшы талаппен.

Бақ құсын ізде – білімнің қайнар көзінен,
Бақ құсын ізде – жұлдыздан емес өзіңнен.
Бақ құсын ізде – арайлап атқан ақ таңда,
Бақ құсын ізде – аққулар жүзген көлдерден.

Бақ құсын ізде – Сарыарқа атты даладан,
Ақылдың досы бақ құсы екен бұрыннан.
Бақ құсы деген жігіттің «алтын тәжі»ғой,
Бақ құсын жігіт ұшырып алма басыннан!

Бақ құсын ізде – алтын күн шуақ көзінен,
Бақ құсын ізде – Алланың нұрлы жолынан.
Бақ құсын ізде – шаршама бақыт іздеуден,
Талапты жігіт бақ құсын табар өмірден.

3.09. 2017ж.

Алдын-ала ойланшы

Алдын-ала ойланбай,
Қатеге жиі ұрынам.
Қателік мені жүн қылды,
Қатеден қалай арылам.?!

Алдын-ала ойланбай,
Жұмысты жігіт бастама.
Ойлану керек қарағым,
Ойланбай жүру масқара.

Алдын-ала ойлану,
Ақылды адам белгісі.
Алдын-ала ойланбау,
Ақымақ жанның тірлігі.

Алдын-ала ойланбай,
Есектің күйін кешпеші.
Өмірдің өзі-көк мұхит,
Мұхитқа батып кетпеші.

Алдын-ала ойланбай,
Басыңды тасқа соқпағын.
Қадірле алтын басыңды,
Мазакқа қалып жүрмегін.

Алдын-ала ойланшы,
Ойланған басқа бақ қонар.
Істеген жұмыс сәтті боп,
Айдыңға аққу құс қонар.

Ақылды қазақ ойланшы,
Шәкәрім, Абай сияқты.
Ойлауда жатыр тағдырың,
Ақылмен соны ойлашы.

Ойланбай жұмыс бастама,
Ойлану керек күн сайын.
Мағынасыз ғұмыр сүрмеші,
Ойлану қажет сәт сайын...

25.07.2017 ж.

Ақылмен кеңес әрдайым

Ақылмен кеңес әрдайым,
Ақылда ғажап, күш жатыр.
Ақылмен істе әр істі,
Ақылда қасиет, нұр жатыр.

Ақылмен кеңес күн сайын,
Ақылда жұмбақ, сыр жатыр.
Ақылды ізде, зерделе,
Ақылда өмір, заң жатыр.

Ақылмен ойла өмірде,
Өмірдің әрбір сәттерін.
Ар-намыс керек пендеге,
Өмірді босқа сүрмегін.

Ақылға жүгін ақылға,
Адасып жүрген кезінде.
Ақыл – дос саған жол бастар,
Жол таппай шаршап жүргенде.

Ақылмен кеңес ақылмен,
Басыңда ақыл болса егер.
Ақылды сұра Алладан,
Ақылды болғың келсе егер...

14.11.2017 ж.

Қателік жасау

Қателік жасап аламын кейде байқамай,
Жаман сөз айтам ашуым келсе тоқтамай.
Адасып жүрмін, адасып келем өмірде,
Орманға кіріп адасып кеткен адамдай.

Қателік жасап аламын кейде ойланбай,
Ренжітіп алам адамды кейде аңдамай.
Өмірге келдің, адамды зертте ей адам,
Өмірді босқа сүрмеші надан адамдай.

Қателік жасап аламын жас баладай,
Біреудің жаман екенін кейде аңғармай.
Қателік жасап аламын жиі өмірде,
Тереңнен ойлап зердемде бәрін сақтамай.

Қателік жасап аламын кейде байқамай,
Біреудің мисыз екенін дұрыс ойламай.
Ойлама жігіт өмірде бәрі оңай, - деп,
Өмірде сақ бол біреудің жайын қозғамай...

23.09.2017 ж.

Ақылым – патша

Ақылмен ойлап, сабырлы болшы өмірде,
Ақылым – патша, ақылым – дана емес пе?!
Ақылмен дос бол, ақылмен сырлас әрдайым,
Ақылым – байлық, ақылым – жолдас емес пе?!

Ақылмен ойлап, білікті болшы әр істе,
Ақылсыз болып, орынсыз іске кіріспе.
Өмірде бәрі, өмірде бәрі күрделі,
Ақылды болсаң, өмірің бақыт емес пе?

Жазықсыз жанға ауыр сөз айтып тиіспе,
Ауыр сөз айту күнәнің зоры емес пе.
Өмірде мынау орныңды білші қарағым,
Адамның күні күреске толы емес пе?

Ақылды болу өмірдің сәні емес пе,
Ақылды адам халыққа жақын емес пе.
Ақылға сенші, еңбекке сенші бауырым,
Ақылдың өзі Алланың нұры емес пе.

Ақылды адам саналы адам емес пе,
Өмірің – жұмбақ, әр күнің сынақ емес пе.
Өмірде мынау сынақтан өтші сүрінбей,
Әр күнің – сынақ, әр күнің қызық емес пе.

Әр күнің – бақыт, шаттыққа толы емес пе,
Ақымақ болып шатасып жүрме өмірде.
Ақылды болсаң әр күнін думан-той болар,
Ақылсыз жанмен жаман сөз айтып егеспе!

Ақылды болсаң өмірің жарық емес пе,
Ақылды адам өнерге жақын емес пе.

Аллаға сыйын ақылың болса миыңда,
Әр күнің – сәтті, бақ жұлдызтұрар биікте...

10.08.2017 ж.

Көңілді жүру – бақыт

Талпыну керек өмірде,
Ұмтылу қажет сәт сайын.
Талпынған ерге бақ қонар,
Талпына берші күн сайын.

Көңілдің сағын сындырма,
Көңілге кірбің түсірмей.
Мұнайып жүру – зор күнә,
Еңсеңді көтер езілмей.

Көңілдің кірін тазала,
Көңілге қоқыс жинамай.
Көңілді жүрші әрдайым,
Әлемді жаулап алғандай.

Көңілдің бағын арала,
Өмірде дұшпан жинамай.
Көңілсіз жүрген адамнан,
Пайдалы кеңес сұрамай.

Көңілдің күйін көтерші,
Сарыарқа күйін шерткендей.
Көңілді жүру – зор бақыт,
Бақыттың сырын білгендей.

Ғибратты сөз

Ақылды маған,ғибратты маған мән айтшы,
Батырлар жайлы,ақындар жайлы сыр айтшы.
Біреуді сөкпе,біреуді айтпа жамандап,
Пайғамбар менен даналық жайлы сөз айтшы.

Бір Алла жайлы,Құдірет жайлы сөз айтшы,
Сұлулар жайлы,ғашықтар жайлы жыр айтшы.
Адасып жүрген пендені айтып қайтесің,
Жақсы адам жайлы көбірек маған сөз айтшы.

Бұл өмір жайлы,махаббат жайлы ән айтшы,
Күн менен ай,жұлдыздар жайлы жыр айтшы.
Жақсы адам жайлы сөз айтпамаған сумаңдап,
Адамзат жайлы,ар-намыс жайлы ой айтшы.

11.08.2017 ж.

Өмірден сабақ алсайшы

Адамдар жүр ғой қыбырлап,
Тіршілік етіп жер бетін.
Бірімен-бірі жауласты,
Сатқындық жасап жүргесін.

Адамдар жүр ғой сөз тасып,
Жамандап жақсы адамды.
Өсек-сөз айту күнә ғой,
Күнәдан тазарт жаныңды.

Адамдар жүр ғой қызғанып,
Біреудің байлық,мансабын.
Қызғаныш деген қас-дұшпан,
Қызғаншақ болма ешқашан.

Адамдар жүр ғой би болып,
Біреуге ақыл сөз айтып.
Өмірден сабақ алсайшы,
Құтырып кетпе даңдайсып.

Адамдар жүр ғой уақытша,
Нәпсіні ойлап, той-тойлап.
Ғұмырын мәңгі емес ғой,
Тереңнен ойла жақсылап.

Адамдар жүр ғой көре алмай,
Біреудің ырзық, ырысын.
Ниеті, пиғыл өзгермей,
Өзгермес сана-тұрмысын.

Ақшаның қуып артынан,
Адамдар жүр ғой ар сатып.
Ар-намыс сатқан оңа ма,
Тірі өлік болды-ау бозарып...

Көңіл-күйдің құбылуы

Көңілім бірде – құйын, бірде – теңіз,
Көңілім бірде – арық, бірде – семіз.
Көңілім Сарыарқаның сай-саласы,
Көңілім толқып жатқанкөкшіл теңіз.

Көңілім бірде – дауыл, бірде – толқын,
Көңілім бірде – сағым, бірде – бұлбұл.
Көңілім бірде балық суда жүзген,
Көңілім арғымақ ат, бірде дүлдүл.

Көңілім бірде – думан, бірде – тұмаң,
Көңілім бірде – жомарт, бірде – сараң.

Көңілім алабұртып көп толқиды,
Көңілім дала кезген бір арыстан.

Көңілім бірде – ақ бұлт, бірде – жаңбыр,
Көңілім бірде – тау, бірде – самал.
Жаман сөзден көңілім құлазыса,
Жақсы сөзге көңілім неге құмар...

20.06.2017 ж.

Өмір жайлы көп ойлаймын

Өмір жайлы көп ойланам, толғанам,
Өмір жайлы дастан айтшы сен маған.
Өмір заңын зерттеуменен келемін,
Өзім ғалым болмасам да сен маған.

Өмір жайын ойлаймын да таң қалам,
Өмір – құпия, шексіз ғалам, нұр далам.
Адам жанын білсем деймін өзімше,
Адам – жұмбақ, тылсым дүние бұл – ғалам.

Ақылыммен сырласамын күнде мен,
Адам жанын ұғына алмай келем мен.
Табиғатта бәрі жұмбақ екен ғой,
Шексіздіктен тұрады екен бұл – ғалам.

Өмір жайлы ойланамын жиі мен,
Жұлдыздарға көп қараймын кейде мен.
Адам жанын түсінгім-ақ келеді,
Бірақ, бірақ түсінбей-ақ қойдым мен.

Өмір жайлы әңгіме айтшы сен маған,
Адам жайлы өсек айтпа құр маған.

Өсек-аяң пыш-пыш сөзден шаршадым,
Сен одан да жақсылықты айт маған.

Өмір жайлы әңгіме айтып бер маған,
Бұл адамзат тарихын айт сен маған.
Жан әлемін түсінбей-ақ келемін,
Олбір сырды біледі Алла сен соған...

2.10.2017 ж.

Аллаға сенші...

Аллаға сенші,
Ақылға сенші – қазағым.
Жалқаулық-жауын,еңбекке сенші –бауырым.
Дұшпанға сенбе – далада қалып қоярсың,
Ақылға сенсең өмірден орын табарсың.

Тәңірге сенші,
Білімге сенші қазағым.
Өзіңе сеніп,жеңіске жетші қазағым.
Бөтенге сеніп,өзгеге сеніп қайтесің,
Ақылды болсаң,өмірден сыйлық аларсың.

Құдайға сенші,
Өнерге сенші қазағым.
Өзіңе сенбей адаспа менің қазағым.
Жауына сеніп,торына түспе қасыңның,
Аллағасеніп,ақылмен дос бол өз-халқым

21.08.2017 ж.

Аллаға құл бол...

Ақшаның құлы, ақшаның құлы – адамдар,
Ақшаға неге құнығып кетті жараңдар.
Бұл ақша неге билеп кетті пендені,
Ақшаға болатәндерін сатты-ау арулар.

Ақшаның құлы, ақшаның күні – адамдар,
Байлыққа неге құмар боп кетті адамдар.
Ақша үшін ар-намыс сату оп-оңай,
Бұл ақша неге адамнан қымбат адамдар.

Аллаға құл бол,
Ақшаның құлы болмаңдар.
Аллаға табын,
Құдайға бас иі жараңдар.
Қағазға емес,
Аллаға құл адамдар.

Аллаға құл бол,
Байлыққа басты имендер.
Аллаға сыйын,
Аллаға сәжде қылыңдар.
Ақшаның құлы болмас үшін өмірде,
Аллаға жақын болыңдар

18.07.2017 ж.

Табиғат заңын зерттеші

Аспанға қара, ғаламға,
Аспанда ай, күн жұлдыздар.
Табиғат заңын білмеуден,
Адасып жүр ғой адамдар.

Аспанға қара, төбеңе,
Шексіздік әлем тұңғыық.
Түн болса қара әлемге,
Жұлдыздар тұрар жап-жарық.

Ай менен күн алмасып,
Шеңбердің бойын айналған.
Айнала бәрі жұмбақ ғой,
Жұмбақты шешер қандай жан.

Жер-ана заңын зерттемей,
Өмірдің сырын білмейсің.
Табиғат заңын зерттеші,
Пендені сонда білерсің.

Ақылмен дос бол

Өмірде дос бол ақылмен,
Ақылда жатыр даналық.
Ғұмырда сырлас ақылмен,
Ақылдың өзі зор байлық.

Өмірде дос бол біліммен,
Білімді жетер мұратқа.
Білімді меңгер күн сайын,
Білімді жетер бақытқа.

Өмірде дос бол еңбекпен,
Еңбекқор адам ырысты.
Еңбекқор болшы өмірде,
Еңбекпен тапқан нан тәтті.

Өмірде дос бол шындықпен,
Шындықты айтар жан жақсы.

Шындықты жақта өмірде,
Шыншылдық өмір айнасы.

Тағы да дос бол ақылмен,
Ақылда ғажап күш жатыр.
Ақылдыадам жақсы ғой,
Ақылды бірақ пайдалан.

Өмірде дос бол жақсымен,
Жақсы адам өмір сәні ғой.
Өмір,-деп менің жүргенім,
Жұлдыздан шығар сәуле ғой.

Өмірде меңгер ғылымды,
Ғылымда жатыр жақсылық.
Ғылымды меңгер жас кезде,
Ғылымда жатыр заңдылық...

4.11.2017 ж.

Ақшаның туып заманы

Ақшаның туып заманы,
Адамнан намыс ар кетті.
Ақшаны жақсы көргендер,
Білмей жүр иман,Тәңірді.

Ақшаның туып заманы,
Қағазға басын игендер.
Құлшылық етпей Аллаға,
Ақшаны қуып жүргендер.

Ақшаныңтүсіп соңынан,
Адасып жүрген пенделер.
Алланың білмей Құдіретін,
Есек боп,ит боп үргендер.

Ақшаның туып заманы,
Әділдік кетті-ау алыстап.
Әділдік қалды Алла да,
Құдайға сыйын дұрыстап.

Ақша үшін жүр ғойпенделер,
Құлдыққа түсіп,күң болып.
Ақшаны жақсы көрсең де,
Алланы кетпе ұмытып.

Ақшаның туып заманы,
Құл болды-ау адам ақшаға.
Байлыққа басын игендер,
Имей жүр басын Аллаға.

7.09.2017 ж.

Бақсының күйін кешемін

Бірде – адам,бірде – надан боп,
Келемін басып жер бетін.
Жан дүнием толы арпалыс,
Екіұдай күйді кешемін.

Жақсы боп,бірде жаман боп,
Пенделік жасап келемін.
Көңілім толмай ісіме,
Өзімді-өзім сөгемін.

Бірде адам,бірде жыңды боп,
Бақсының күйін кешемін.
Қадірін білмей жақсының,
Жаманды сыйлап жүремін.

Жаратты бізді бір Құдай,
Адами болмыс, тән берді.
Қалауы тәннің нәпсілік,
Нәпсі ит жеңе береді.

6.10.2017 ж.

Адамның бәрін бағала

Өмірге селсоқ,
Қарама жігіт қарама.
Адамды сыйла,
Жаман,-деп оны санама,
Адамды әркез, пендені әркез бағала.

Өмірге бей-жай,
Өмірге енжар қарама.
Үлкенге ізет,
Жамандық қылық жасама.
Надан,-оған, санасыз жан,-деп ойлама.

Өмірге жеңіл,
Өмірге үстірт қарама.
Біреуді – кедей,
Біреуді – бай,-деп жақтама.
Адамның бәрі, адамның жаны,
«Аманат» екен Құдайға.
Төмпешік болып, топырақ болып,
Қалады-ау сонау,
Жер-ана деген далада.

Өмірге олай,
Өмірге бұлай қарама.
Жақсыға құрмет,

Жаманды жау,-деп қарала.
Адамның өзі,
Құл екен тек бір Құдайға.
Өмірді жай,-деп,
Адамды құл,-деп санама,
Адамның бәрін,адамның бәрін бағала...

11.10.2017 ж.

Нәпсіні ойлап...

Уақытты неге бағалай алмай келеміз,
Ғалымдар айтқан тарихқа біздер сенеміз.
Кеудеме таққан орденім көп,-деп мақтанып,
Даңғойлық жасап ит болып кейде жүреміз.

Бай адам көрсек жалпақтап оған ереміз,
Біреудің сырын біреуге айтып жүреміз.
Алланың құлы,адамды сыйла,-деп жүріп,
Адамды күндеп,жүрегін оның тілеміз.

Арсыз боп кейде жақсыны күнде жеңеміз,
Қартайған жанды алжыған шал,-күлеміз.
Адамдар қонақ,адамдар пенде өмірде,
Пенде боп біздер пенделік жасап келеміз.

Жастықты неге қадірлей алмай келеміз,
Жастық-ай жастық 25 жас,-деп жүреміз.
Жастықтың ғажап бағасын білмей кезінде,
Нәпсіні ойлап,біреудің боғын тереміз.

Қуларға неге аңқау боп біздер сенеміз,
Жақсыны таптап наданды сыйлап жүреміз.
Өмірде бәрі уақытша және жалған,-деп,
Жалғандық жасап,алдаумен өмір сүреміз.

14.10.2017 ж.

Қызғаныш деген жауым бар

Бағым бар менің бағым бар,
Бармақтай ғана бағым бар.
Бағымды менің қызған ба?
Қызғаныш деген жауым бар.

Бағымда гауһар тасым бар,
Бағымда менің тағым бар.
Бағымды менің үркітпе,
Бағымда аққу көлім бар.

Бағымда менің бағым бар,
Намысты өлең жырым бар.
Бағымда сайрар бұлбұл құс,
Поэзия атты досым бар.

30.11.2017 жс.

Алғыс айт алтын күнге де...

Жымия қара ғаламға,
Қонақжай таңыт адамға.
Ол адам Алла пендесі,
Адамды сыйла бағала.

Күлімдей қара ғаламға,
Жер-ана оның анасы.
Алғыс айт алтын күнге де,
Алтын күн жердің панасы.

Алғыс айт жерге,суға да,
От пен су адам қорегі.
Рақмет айт нұрлы жарыққа,
Нұр сәуле ғалам негізі.

Күлімдей қара аспанға,
Көк аспан шексіз – көк мұхит.
Алғыс айт Тәңір, Аллаға,
Бір Алла шексіз Құдірет...

«Құс жолы» келед айналып

Жер-ана тұр ғой айналып,
Көк аспан оған шырмалып.
Аспанда ай мен жұлдыздар,
«Құс жолы» келед айналып.

Жер-ана тұр ғой айналып,
Алтын күн оған байланып.
Қыбырлап күйбің-тірлікпен,
Адамның басы айналып.

Жердегі адам баласын,
Ғаламшар жүр ғой айналып.
Табиғат заңы айналу,
Наданға кетпе айналып.

Шеңбердің бойын айналып,
Шоқ жұлдыз келед айналып.
Шексіздік шексіз әлемді,
Нұр сәуле тұр ғой аймалап...

1.10.2017 ж.

Жылулық көрмей адамнан...

Қыс айы сондай тамаша,
Айнала аппақ қар жатыр.
Ағаштар тұр ғой жабырқап,
Ғажайып мұнда сыр жатыр.

Қыс патша келді сықырлап,
Аспаннан аппақ қар жауып,
Қар деген мамық көрпе ғой,
Жер-ана жатыр жамылып.

Қыс айы келді тағы да,
Сарыарқа жері ызындап,
Сұлу қыз тартты қобызын,
Жер-ана тұр ғой күй тыңдап.

Қыс – патша отыр қаһарлы,
Түксиген жүзі түңеріп,
Ақша қар сақ-сақ күледі,
Қабақтан үлпек қар жауып.

Қыс – патша отыр долданып,
Долданбай қайтсін қыс айы.
Жылулық көрмей адамнан,
Жүрегі мұзға айналды...

Көктем айы сен неткен ғажайыпсың

Көктем айы сен неткен ғажайыпсың,
Жастық шақтың мәңгілік сынарысың.
Бақ құсындай ортамызға қайта келген,
Махабаттың нұрын шашқан күн-айымсың.

Көктем айы құлпырған сұлу қызсың,
Жылына бір оралар бақ пен құтсың.
Көктем- айын жыл бойы күтемін мен,
Көктем – Наурыз бір сұлуды сыйлаймысың.

Көктем келіп адамдарды қуантасың,
Көктемде аруларды құлпыртасың,

Көктемде бәрі-бәрі керемет ғой,
Көктемде бал сезімді оятасың.

Көктемде жастық шаққа ораласың,
Көктемде сұлу қызбен танысасың.
Көктемнің жайлы шуақ кездерінде,
Шаттанып махаббатқа мас боласың.

Көктемде аналарға гүл сыйлайсың,
Көктемде сұлуларға жыр арнайсың.
Көктемде ерекше бір күйге еніп,
Сары-арқаның серісі боп қутыңдайсың.

Көктем айы сұлу қыздай сылаңдайсың,
Табиғаттың тылсым бір сырыңдайсың.
Ақын боп көктем жайлы өлең жазып,
Көктемге солайша бір сый арнаймын.

Сол себепті көктем айын жақсы көрем,
Сондықтан да көктем айын жырлай берем.
Көктем айы мәңгілік жасай берші,
Мен өзінді ару қыздай сүйе білем.

«Кір-иттің» әлегі...

Екі құлағы едірейіп,
Жалғыз көзі бедірейіп,
Диюға ұқсас түрі бар,
Жасыл түстес реңі бар,
Пирамида тасы бар.
Басқа шығып өрлеген,
Намысты жаншып таптаған,
Қазақты билеп төстеген,

«Доллар» деген зор шықты.
Доллар деген дәу-пері:
Қазақтың басын дау қылды,
Дау емес-ау лаң қылды,
Лаң емес-ау жүн қылды,
Жүн емес-ау жын қылды.
Соры қайнап қазақтың,
Кредит деген пәлеге,
Басыбайлы құл болып,
Құл емес-ау тұл болды.
«Қансорғыш» деген аты бар,
Кредит шықты-ау бұл күнде,
Кредит алып банкіден,
Кіріптар болдық банкіге.
Төлей алмай кредитті,
Қазақтың басы шатылды,
Қарызға ақша алған соң,
Қарызға батып ер қазақ,
Ақша сұрап әркімнен,
Ар-ұяттан жұрдай боп,
Қашқын қазақ атанды.
«Кір-ит» ішке кірген соң,
Береке кетіп қазақтан,
Ішкені арақ-у болды,
Жегені лапша боқ болды.
«Кір-ит» шықпай ішінен:
Бүгін қазақ-құл болды,
Бүгін қазақ ит болды,
Күнде ойлап «кір-итті»,
Мәңгіріп қазақ жын болды...
Көктем-Наурыз!

IV БӨЛІМ

БҰҚАР ЖЫРАУ – АЛТЫН ТҰЛПАРЫМ!

Бұқар жыраудың – «350 жылдық мерейтойына» арналады

Бисмилләхи сөз басы,
Қазақты Алла қолдашы.
Бұқарша мен де жырлайын,
Бұқара халқым тыңдашы:
Бұқарда, Бұқар, Бұқарым,
Бұқар Жырау –алтын тұлпарым,
Әз-Тәуке ханның тұсында,
Бақ құсы қонып басыңа,
Алтын күндей жарқырап,
Билік сөз айтқан Бұқарым!
Абылайханның кезінде,
Алмас қылыш тағынып,
Алтын садақ асынып,
Егеулі найза қолға алып,
Алтын сауыт құрсанып,
Алтын Байрақ ту алып,
Көмекейі бүлкілдеп,
Жауларым менің қайда,-деп,
Арыстандай ақырып,
Қол бастаған Бұқарым!
«Баянауыл» жерінен,
Арғынның текті елінен,
«Алтынторы»руынан,
Бұлқынып шыққан Бұқарым.
Өзіндей Абыз туа ма,
Мың жылда туар Бұқарым.
Бұқарда, Бұқар, Бұқарым,

Қалқаманұлы Бұқарым,
Алтындай тақтың үстінде,
Қыран болып қомданып,
Дұшпанын көрсе долданып,
Отыр ғой менің Бұқарым.
Мүддесін қорғап халқымның,
«Әй, Абылай, Абылай,
«Керей қайда барасың,
Деп жырлайды Бұқарым.
Түсімде көрдім бабамды,
Алатау биік тұлғаны:
«Алтын дулыға» жарқырап,
Жүзінен нұры төгіліп,
Қазақтың қамын ойлаумен,
Ұйқысыз таңды атырып,
Келеді Әулие Бұқарым.
Хандардың алтын қазығы,
Қазақтың Шолпан жұлдызы,
Бұқардай терең толғансам,
Халқымның ұғам жағдайын.
Қысық көз қытай, шүршіттер,
Қаптады қазақ еліме,
Айдаһар болып от шашып,
Айдаһар тісін ақситып,
Ентелеп енді жеріме.
Қазақтың алып қыздарын,
Қытайша сөйлеп шүлдірлеп,
Қазаққа бүгін құда боп,
Алшаңдай басты төріме.
Оң жаққа және қарасам,
Арандай ашып ауызын,
Отыр ғой тентек қоңыр аюым.
Осындай заман келерін,
Болжаған ақын-жырауым,

Ұрпаққа айтып өсиет,
Қалдырған ғажап жырларын.
Сарыарқа деген дала да,
Далба тауы маңында,
Іргелі қазақ болса,-деп,
Армандап кеткен Бұқарым,
Жер-ана болып төсегі,
Тыныштық тапқан Бұқарым,
Қазақтай халқың тұрғанда,
Жасай бер мәңгі Бұқарым.
Бұқарда, Бұқар, Бұқарым,
Бұқарым – алтын сұңқарым,
Тәуелсіз елге айналып,
Бұқардың жырын жалғадым.
Бұқардай алтын Бабама,
350 тойға,-деп
Сөздердің теріп маржанын,
Бұқарға «Арнау» арнадым!!!

V БӨЛІМ

ЖЫРЫМДЫ ЖҰРТҚА АРНАДЫМ

«Дауылпаз ақын» кешегі

Бұл – Қасымды, қайсар – ақын деседі,
Өлеңдері – найзағайдай, көк аспанды теседі.
100-ге келіп, мерей тойың жасаған,
Қасым ақын – дауылпаз ақын кешегі.

Бұл Қасымды отты ақын деседі,
Отты өлеңі, тау мен мұзды ерітеді.
Миллиард жылдар, өтсе-дағы зуылдап,
Қасым – мәңгі поэзияның досы еді.

Бұл-Қасымды баһадүр ақын деседі,
Өлеңдері – алмас қылыш жаудың басын кеседі.
Алты Алашқа аты шыққан Қасымды,
Қазақ халқы – ақыным, - деп Қасым ханға теңеді.

Қасым ақын поэзияға,
Ғашық болған сері еді.
Қасым ақын болашаққа,
Қазағына сенеді.

Әз-Қасымды, Өр Қасымды,
Ұмытпайды қазағым,
Қасым ақын поэзияның,
Алтын қазық тірегі.

Мерей тойың құтты болсын,
Құтты болсын Өр Қасым.
Қарқаралы тауларынан,
Ұшып шыққан – сұңқарым.!

Поэзияның биігінде,
Қалықтай ұш ақыным,
Дауылпаз ақын, отты ақын,
Тарихта қалған мәңгіге...

Арнау!!!

Мұратбеков,
Әдебиеттің – падишахы, тарланы.
Сайын аға!
Қапал таудың – мұзбалағы, қыраны...

Сайын десе,
Түседі еске:
Сайын дала құм-тасы.
Сарыарқаның гүілдеген,
Таудан соққан самалы.

Сақып-жамал,
Сайын десе,
Оралады – жастық шақ!
Қос ғашықтың,
Айлы түнде,
Сырласып бір жүргені.

Сайын аға!
Қазағымның – Майқы биі,
Сардары.
Абай, Мұхтар салған жолдың,
«Алтын тұяқ» ұланы.

Сайын бүгін,
Әдебиеттің – алмас қылыш,
Семсері.

Алатауда,
Өсіп тұрған,
«Жабайы алма» ағашы.

Мұратбеков осы күнде,
Елге мәшһүр – жазушы.
«Жабайы алма», «Жусан иісін»
Сіңіріп кетті,
Танытып кетті,
Мәңгілік етті,
Әдебиет сиқыр әлемге!!!

Пайғамбар жасы құтты болсын!

Туған күн құтты болсын Дүйсен аға,
Ел ағасы Елуден асқан аға.
Асқаралы 60-тың жасына кеп,
Өмір жайлы көп ойлайтын алтын аға.

Туған күн құтты болсын Дүйсен аға,
Ақпанда бұл өмірге келген аға.
Адамдарға көп жақсылық жасаймын, -деп,
Алғыс сөз,ақ батаны алған аға.

Алтын тонның жағасы болған аға,
Өмірден көргені көп асыл аға.
Жастарға қамқоршы боп жүреді ғой,
Алтын күндей жарқырап жүрген аға.

Футболдың жанкүйері – Дүйсен аға,
Спортқа жаңашыр боп жүрген аға.
Жас кезінде ала допты көп қуғаннан,
Футболист атанған Дүйсен аға.

Орта бойлы, қара торы Дүйсен аға,
Сұлулардың «көз құрты» боп жүрген аға.
Дүйсекеннің жүрегінде небір сыр бар,
Махаббаттың дастаны боп жүрген аға.

Дүйсекеннің туған күні құтты болсын!
Жүрген жері той-думан, қызық болсын.
Жасыңыз 100-ге келіп, ақсақал боп,
Немере мен шөбереге ата болсын!

Пайғамбар жасыңыз құтты болсын!
Жүрегіңіз мейірімге толы болсын.
Алға қойған мақсатыңыз орындалып,
Әр ісіңіз жастарға үлгі болсын!

Туған күн иесі

Дәрігер Ғалия Майданқызына арналады

Ғалия – жастық қандай, көктем қандай,
Аспаннан күн сәулесі шашылғандай.
Ғалия – бүгінгі күн қандай ғажап,
Деп айтқан достарыңның сөзі балдай.

Ғалияның – көзі қандай, сөзі балдай,
Бір өзі сұлулықтың символындай.
Дәрігердің – падишасы болып тұрсың,
Қыз Жібектің сіңлісі боп тұрғандай.

Ғалия туған күнің құтты болсын,
Денсаулығың әрдайым мықты болсын.
Ғұмыр жасың әрдайым ұзақ болып,
Өмірінде тек жақсылық болып тұрсың.

Ғалия – жастық шаққа оралғандай,
Көңілі 18-ді қалағандай.

Құлпырып кетіпсіз ғой осы күнде,
Сұлулардың өздері қызыққандай.

Ғалия – жастық қандай,көктем қандай,
Аспаннан ырыс жауып тұр ма қалай?
Өзіңізге осындай сый арнадым,

Сыныптастар-құрдастар!

Айналайын сыныптастар-құрдастар,
Балқантаудың баурайынан бірге қанат қаққандар.
Өздеріңді 30 жылдай көрмеппін,
Есен-аман жүрмісіндер бауырларым-құрдастар.

Айналайын замандастар-құрдастар,
Білім нәрін берді бізге – ұлағатты ұстаздар.
Әрқайсыңды асқар тауға балаймын,
Өмірлерін том-том кітап,дастандар.

Айналайын сыныптастар-құрдастар,
Ата-ана боп құдандалы болғандар.
Өздеріне зор денсаулық тілейміз,
Бұдан асқан бақыт бар ма құрдастар.

Айналайын сыныптастар-құрдастар,
Балқантаудың сайып қыран жігіті мен арулар.
Сыныптастар бір жиналып қалыппыз,
Көңілді бір көтерейік,
Сырласайық,
Би билейік,
Замандастар-құрдастар!

Олигархтың ұлы – Рахат!

Рахат деген досым бар жер бетінде,
Денесінде өкпе жоқ сенесің бе ?
«Жертұмсықта» Рахат доспен қой да бақтым,
Сол бір жылдар әлі есімде, әлі есімде.

Рахат деген досым бар жер бетінде,
Өзі – жомарт, ақкөңіл білесің бе?
Аузын ашса пәк жүрегі көрінеді,
Сондай жігіт бар ма екен жер үстінде.

Рахат деген досым бар жер бетінде,
Денесінде бәрі бауыр сенесің бе?
Аңқаулықтан бұл өмірде көп адастың,
Қиял қуып Рахат досым келесің бе?

Рахат деген досым бар жер бетінде,
Ешкімге зияны жоқ пендесің де.
Қарапайым өмір сүріп келе жатыр,
Қазақтың баласы боп жер бетінде.

Рахат деген адал дос бар жер бетінде,
Көп нәрселер әлі есімде, жүрегімде.
Жастық шақтың қызығын бірге көрдік,
Қызық жылдар санамда, әлі есімде.

Рахат деген дос бар ғой жер бетінде,
Олигарх баласы едің сен кезінде.
Коммунизм елесінен шыға алмай,
Арман қуып Рахат дос келесің бе?

Рахат деген бір досым бар жер бетінде,
Чукотияда қызмет еттің сен кезінде.
Камчатка мен Чукотияны көп айтасын,
Бурятка қызды ұмыта алмай жүрсің бе әлде!?

8.01.2018 ж.

Ержан құрдасымның – 50-ге келуі

Ержанның туған күні құтты болсын,
Денсаулығы әрдайым мықты болсын.
50 деген ер жасына жеттің міне,
Ғұмыр жасын әрдайым ұзақ болсын.
Ержан құрдас мерей тойын құтты болсын,
Жүрген жерін той-думан шаттық болсын.
Бүгін міне құрдастардың басын қостың,
Мерей той, 50 жасын құтты болсын.

Ержанның қуанышы құтты болсын,
Мерейін әрдайым үстем болсын.
Сүйікті жар, бала-шаған аман болып,
Шаңыраққа құт-береке, ырыс толсын!

23.11.2017 ж.

Сүндет той

Сұлтанның – Сүндет тойы құтты болсын,
Басына – бақыт, дәулет, ырыс қонсын.
Осы тойға шақырдық туыстарды,
«Ботакөзде» тойлайық, деп Сүндет тойын.

Сұлтанның – Сүндет тойы құтты болсын,
Ер жетіп,ғұмыр жасы ұзақ болсын.
Сүндет тойға өлеңмен шашу шаштым,
«Ақ батасын» алайық, – Дана қарттың.

Сүндет тойы баршамызға ортақ болсын,
Келген жанның ниеті таза болсын.
Сүндет тойда ән шырқап,би билейік,
Келгендердің көңіл-күйі жақсы болсын.

Дәстүрлі – Сүндет тойы құтты болсын,
Дастарханда қазы-қарта,қымыз болсын.
Келгендерге алғыс,рақмет айтамыз ғой,
Айтылған «Ақ тілектер» қабыл болсын!

«Алтын той» иелері – Қанағат ата мен жеңгейге!

Алтын аға, Алтын жеңгей құтты болсын тойыңыз,
Ақ жеңгеймен жарасып тұр сәңіңіз.
«Алтын тойға» жиналды ғой туыстар,
Тілек айтып,ән салайық бәріміз.

Құтты болсын,құтты болсын-тойыңыз,
«Алтын тойға» сұлтан болып жеттіңіз.
50 жылдай бас бухгалтер болғаннан,
Ел басынан - «алғыс хат» та алдыңыз.

Ағай біздің нағыз батыр,сал-сері,
Біржан салдың дәстүрінде жалғады.
Домбыра алып, ән салғанда ағамыз,
Қандай әнші, Мәди бабам дәл өзі.

Жастайынан «бас бухгалтер» атанды,
Ақылды боп, еңбегімен таңылды.
Жігерлі боп,қайратты боп жасынан,
Маңайына дос-туысты жинады.

Намысына барша туыс тамсанды,
Құрыш болып жастайынан шыңдалды,
Бұлбұл баба ұрпағынан тараған,
Қанағат ата –елді алға бастады.

Қос аққудай көк айдында жүздіңіз,
Жас ұрпаққа үлгі-өнеге болдыңыз.

Асқар таудай ағамыз бен жеңгеміз,
Біз сіздерге алғыс-тілек айтамыз!

Сегіз қырлы, бір сырлы да болдыңыз,
Той-думанның көркі болып жүрдіңіз.
Артист болып, сахнаға шыққанда,
Сұлуларға Бекежан боп тистіңіз.
Бұқар жырау ауданына мәлім болды атыңыз,
Ағайынның қамын ойлап жүрдіңіз.
Нағыз батыр, Қаракесек – сері аға,
Халқымыздың «Ақ батасын» алдыңыз...

«АЛТЫН ТОЙ»

Алтын тойға жеттік бүгін ағайын,
Алтын тойға жырдан шашу шашайын.
Әке-шешем алтын тойға жетті ғой,
Тәуба айтып, мың шүкірлік қылайын.

Алтын тойда отыр міне ата-анам,
Алтын тойға жете алмай жүр көп адам.
Алтын тойда алтын тілек айтылып,
Жұмаш ата Әулетіне, ырыс болып құйылсын.

«Абиба»да өтіп жатыр – «Алтын той»,
Алтын тойдың иелері – алтын ғой.
Алтын деген химиялық элемент,
Әке-шешем алтыннан да қымбат ғой.

Әкем менің «Алтын қақпа» қорғаным,
Ал, анашым айдын шалқар бұлағым.
Ұзақ ғұмыр, зор денсаулық берсін, - деп,
Құдіретті бір Алладан сұрадым.

Әке-шешем туыстардың қызығы,
Әке-шешем әулетімнің ырзығы.
«Алтын тойың» құтты болсын ата-анам,
Бұл Алланың бізге берген байлығы...

МАЗМҰНЫ

Ғұмырбаян.....	3
Поэзия – Алатаудай биік маған	6
I БӨЛІМ. ОТАНЫМ – БАҚЫТ ОРДАСЫН, ӨЛЕҢІМ ПІР БОП ҚОРҒАСЫН	8
Астана шаһарына – 20 жыл	8
Доскей сері	9
Доскейлік дана қарттарым.....	10
Намысты шақыр.....	11
Қазақты мақтан қыламын	12
Не деймін, халқым, не деймін	13
Қарыздармын ана тіліме!.....	14
Қадірле қазақ халқынды	15
Ақ қағаз алып, қаламсап алып.....	16
Поэзия – Алатаудай биік маған	17
Қаламсап менің қолымда.....	18
Қазағым менің – алтын күн!	19
Алла маған ақындықты сыйлаған!	20
О, поэзия сен менің бақытымсың.....	22
Ақылым – шексіз қазына	22
Тәңір берген – көк аспан!	23
Өлеңді жазу – бір бақыт!	24
Алтыннан сарай, бақ болар.....	25
Намысты қазақ	26
Қазағым менің – бақ құсым!	27
Ақындық өнер бергенде	28
«Мен бақытты қазақпын».....	29
Жұмыр басты пенделер	30
«Алтын адам».....	31
Рухынды көтер қазағым.....	32
Жүрегім маған не дейді	34
Көңіл-күйім	36
Өмір – дастан	36

II БӨЛІМ. «ӘЛЕМДІ – СҰЛУЛЫҚ ҚҰТҚАРАДЫ...»...	38
Бұл табиғат сұлулықтан жаралған	38
Таңғажайып арулар!.....	39
Сұлу қыздар қандайсың?	39
Махаббат – сұлу қыз!.....	40
О, махаббат қандайсың!!!	41
Арулар жүрегіне шоқ саламын!	43
Бақсы болып махаббатты алдаған	43
«Һарон-патша» сықылды	44
Махаббат әні	46
Өмірдің мәні – аналар!.....	46
«Алтын балық» секілді	47
Жаным, — деп айтқанда.....	48
Ғашық болып.....	49
Гүлдана ару	50
III БӨЛІМ. ӨМІРДІҢ ӨЗ ЗАҢЫ БАР	51
Бақыт деген	51
Ақылым менің қайдасың?.....	52
Білімді жетер мұратқа.....	52
Адам – арзан, доллар – қымбат!!!	53
Ақшаның құлы – адамдар!.....	54
Космос заңы	55
Ширақтық ерге жарасар!	56
Түсінбей келем өмірді.....	57
Бақыттың кілті – ақылда.....	59
Талапты болсаң білімді.....	62
Зая кетті көп жылдар	63
Адамдардың құт-мекені – көк аспан!.....	63
Бақыт тұрсын алдымда	64
«Намысым – өмірімнің тірегісің».....	65
Сана бар ма наданда?.....	66
Алдап-арбау	67
Өмірдің заңы	67

Жақсылық жасау	68
Күйбің тірлік	70
Ақылдың кілті	70
Қарекет ғұмыр негізі	71
Өзіңде барды бағала.....	72
Көш бастап жүрсең	73
Бармақтай бақ.....	73
Ақшаның құлы болғандар	74
Ақылым досым.....	76
Намысты іздеймін	76
Пай-пай алтын басым-ай!	77
Алланың нұрлы жолы.....	78
Алдын-ала ойланшы	79
Ақылмен кеңес әрдайым.....	80
Қателік жасау	81
Ақылым – патша	82
Көңілді жүру – бақыт.....	83
Гибратты сөз	84
Өмірден сабақ алсайшы.....	84
Көңіл-күйдің құбылуы.....	85
Өмір жайлы көп ойлаймын.....	86
Аллаға сенші	87
Аллаға құл бол	88
Табиғат заңын зерттеші	88
Ақылмен дос бол.....	89
Ақшаның туып заманы	90
Бақсының күйін кешемін	91
Адамның бәрін бағала.....	92
Нәпсіні ойлап	93
Қызғаныш деген жауым бар	94
Алғыс айт алтын күнге де.....	94
«Құс жолы» келед айналып	95
Жылулық көрмей адамнан.....	95
Көктем айы сен неткен ғажайыпсың.....	96
«Кір-иттің» әлегі	97

IV БӨЛІМ. БҰҚАР ЖЫРАУ – АЛТЫН ТҰЛПАРЫМ! .	99
Бұқар жыраудың — «350 жылдық мерейтойына» арналады.....	99
V БӨЛІМ. ЖЫРЫМДЫ ЖҰРТҚА АРНАДЫМ.....	102
«Дауылпаз ақын» кешегі	102
Арнау!!!	103
Пайғамбар жасы құтты болсын!.....	104
Туған күн иесі Дәрігер Ғалия Майданқызына арналады	105
Сыныптастар-құрдастар!	106
Олигархтың ұлы – Рахат!	107
Ержан құрдасымның – 50-ге келуі	108
Сүндет той.....	108
«Алтын той» иелері – Қанағат ата мен жеңгейге!	109
«Алтын той».....	110

Жұмашев Оразбек Мақсұтұлы

ҚАЗАҒЫМ МЕНІҢ — КӨКТҮРІК

Өлеңдер жинағы

Автордың түпнұсқасынан басылды

Басуға 26.12.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16. Қағазы офсеттік.
Көлемі 7,25 б.т. Тапсырыс № 130.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасының баспаханасында басылды
100012, Қарағанды қ., Гоголь көшесі, 38. Тел. (7212) 51-38-20. E-mail: izd_kargu@mail.ru